


Үздік тәжірибе өңірді өрге жетелеуде



Бүгінде республика көлемінде «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» бойынша ауқымды істер атқарылып жатыр. Оның ішінде Сыр өңірінде де іргелі жобалар қолға алынып, нақты жұмыстар жүзеге асырылуда.

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен «Президенттің бес әлеуметтік бастамасының» облыста іске асырылуы туралы мәжіліс өтті. Оған өңірімізге жұмыс сапарымен келген «Президенттің бес әлеуметтік бастамасын» бақылау жөніндегі Республикалық Қоғамдық кеңестің төрағасы Бақытжан Жұмағұлов, «Нұр Отан» партиясының хатшысы Фархад Қуанғанов, тиісті министрліктер мен орталық басқарушы орган өкілдері, саяси партия жетекшілері мен белсенділері, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің басшылары, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, белсенді жастар қатысты.

Елбасының бес бастамасы елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыру мақсатында атқарылатын жұмыстардың бағытын айқындағаны белгілі. Жиында облыс әкімі

аймақтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен таныстырып, Президенттің тікелей бастамасы болып жүзеге асып жатқан істердің барысы туралы баяндалды.

Өңірде соңғы жылдары мұнай өндіру көлемі күрт төмендеді. Жылдағыға қарағанда, өнім көлемі шамамен 4,6 млн тоннаға кемі түскен.

Аймақ басшысы экономикадағы аталған жағдайға қарамастан, басты мақсат шикізаттық емес секторды дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру екенін атап өтті. Жоспарланған нақты шаралар нәтижесінде өткен жылдың қорытындысымен облыста соңғы 4 жылда алғаш рет ішкі аймақтық өнім бойынша жағымды векторға қол жеткізілді. Осы жылдар ішінде өңірде өнеркәсіпте өндірістің өсуі 56%-тен асқан. Осы саладағы еңбек өнімділігі ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 10%-тен аса, шикізаттық емес өнім экспортының көлемі 2,7 есе өсті. Ұтастай алғанда, барлық макроэкономикалық көрсеткіш және инвестициялардың көлемі (117,2%), құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша (115,9%), ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде (102,7%) және т.б. салалардың дамуында динамика бар. Өңірде ішкі аймақтық өнім бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі 2,5%-тен 3,7%-ке ұлғайған. Тек биылғы жылы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі - 85%, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемі - 2,7%, азық-түлік өнімдерін өндіру 15%-тен астам, ал ауыл шаруашылығы экспортының көлемі 66%-ке өсті.

Сондай-ақ, жыл соңына дейін өнеркәсіптік өндіріс көлемі артып, тұрғын үйді пайдалануға беру ұлғаятын болады.

Қазіргі таңда өңірде әлеуметтік тұрақтылық қалыпты деңгейде, бағалардың көтерілуіне қарамастан, бөлшек тауар айналымында оң үрдіс байқалады. Экономикадағы қалыптасқан жағдай жұмыссыздықтың 4,8% деңгейін бір жылдан астам ұстауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш республикалық орташа көрсеткіштен біршама төмен.

Бұл жағдайда Елбасы ұсынған Бес әлеуметтік бастама аймақ дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынатыны сөзсіз. Облыс әкімі ең алдымен, Елбасы бастамасы - тұрғын үй сағып алу үшін қолайлы жағдай жасағанын атап өтті.

Соңғы 2 жылдың мұндағында облыс бойынша мемлекеттік қаражат пен жеке құрылыс салушылардың есебінен 500 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді.

2017 жылы біз апатты тұрғын үйлердің мәселесін толықтай шештік. Бүгінде Қызылорда облысында апатты жағдайдағы тұрғын үй жоқ деуге толық негіз бар. Біз бұл жұмысты 2013 жылы бастадық, содан бері апатты үйді тұрып жатқан 500-ден аса тұрғынды жайлы да жаңа баспанамен қамтамасыз еттік.



БЕС БАСТАМА: ӘР БАҒЫТТА ЕРЕКШЕ ҚАРҚЫН БАР

Кеше Республикалық Қоғамдық кеңес төрағасы, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов пен «Нұр Отан» партиясының хатшысы Фархад Қуанғанов бастаған делегация облысымызға жұмыс сапарымен келді. Иссапар барысында кеңес мүшелері бірқатар нысандарды аралап, Президенттің 5 әлеуметтік бастамасының жүзеге асуы барысымен танысты.

Аймақта Президент ұсынған 5 әлеуметтік бастаманы жүзеге асыруға толықтай негіз бар. Делегация алдымен «7-20-25» бағдарламасы аясында салынып жатқан Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 14 көпқабатты тұрғын үй құрылысын көрді. Мұнда жалпы пәтер саны - 604. Облыста тұрғындарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету үшін «Орда» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы әзірленді. Негізгі мақсаты - өңір тұрғындарын, әсіресе, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету. Ал, бағдарламаның басты ерекшелігі - алғашқы жарнасы төленбейді. Кездесу барысында бұл тың бағдарлама «7-20-25» бағдарламасының көкжиегін кеңейтуге септігін тигізіп жатқаны айтылды. Жалпы, Елбасының 5 әлеуметтік бастамасының бірінші бағыты - әрбір отбасына баспана алу үшін жаңа мүмкіндіктерін беру болатын. Бұл бағытта Сыр өңірінде ілгерілеу бар. Кейінгі жылдары облыс орталығында тұрғын үй құрылысы ерекше қарқын алып, халықты баспанамен қамту көрсеткіші жоғарылады.

Осы ретте Сырдария өзенінің сол жағалауын дамыту мақсатында жалпы көлемі 1532 гектар аумаққа бүгінгі талаптарға сай үлгідегі жаңа қала салу жобасы қолға алынды. Бүгінде мұнда барлығы 770 пәтерден тұратын 18 көпқабатты тұрғын үй салынуда. Құрылыс жүргізіліп жатқан нысандар құрылыс компанияларының өз қаражаттары есебінен және мемлекеттік-жеке иелік әріптестік негізінде жүзеге асуда. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріков алдағы уақытта мұнда 15 шағын аудан бой көтеретінін айтты. Қазір шағын ауданда «Рухани жаңғыру» орталығы, жастар орталығы, неке сарайы, Қазақ орталық атқару комитеті ғимараты, 600 орындық мектеп, 320 орындық балабақша салынуда. Оған қоса әртүрлі қаржы көздерін құрайтын сауда, ойын-сауық нысандары да орын тепкек. Бұдан бөлек медициналық орталық, дәстүрлі өнер академиясы мен мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты да сол жағалаудан ірге көтереді.

ПИКІР | ЕЛ РИЗЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАДАМ



Кәсіпкерлік, яғни шағын және орта бизнес кез келген мемлекеттің экономикасын қозғаушы күштердің бірі саналады. Бұл сала елімізде дамыған сайын экономикамыздың өрлеуіне, әлеуметтің әлеуетінің нығайуына оң ықпалын тигізеді. Президентіміз шағын және орта бизнес 2050 жылға қарай Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің қазіргі 20% орнына кемінде 50% өндіретіні туралы зор міндет қойып отыр. Осы мақсатта шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту одан әрі ынталандыру үшін елімізде көптеген жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылуда. Солардың қатарында "Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы" бар. Бағдарлама жұртшылықты жұмыспен қамтуға және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту мақсатында жасалған.

Осы бағдарлама аясында біздің Қызылорда облысында үлкен нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Бізде алғашқылардың бірі болып барлық кәсіпкерлерге қажет орындар өкілдерінің қатысуымен Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығы ашылды. Облыс әкімінің бастамасымен 2018 жыл «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жарияланып, арнайы Жол картасы әзірленді. Жол картасына кәсіпкерлерді оқыту және қаржылай қолдау, экономиканың түрлі салаларында жобаларды жүзеге асыру, шығарылуда өнімді сатуға қамтамасыз ету, аймақаралық әріптестікті дамыту, ақпараттық қолдау, сауданы дамыту, шағын және орта бизнес субъектілері үшін әкімшілік кедергілерді қысқарту секілді тағы басқа шаралар кірді. Оларды жүзеге асыруға 32 млрд теңге қаржы бөлінді.

Міне, соның арқасында биыл үлкен қозғалыс басталды. «Bastau Бизнес» жобасы шеңберінде мыңдаған жерлестеріміз кәсіпкерлік курсына оқып, білімін жетілдірді. Курс тыңдаушыларының жүздеген жобалары қаржыландырылды. Бизнесін бастаушыларға мемлекет тарапынан түрлі қаржылық қолдаулар, жеңілдетілген несиелер, қайтарымсыз гранттар берілді. Соның нәтижесінде қалада, ауылдық елді мекендерде шағын және орта бизнесті өрістетуде ерекше серпін байқалды. Мұндай жеңілдіктер сонау қиыншылық кезеңдері кәсібін бастаған азаматтар үшін арман ғана болған еді.

Енді бір риза болып отырған мәселе облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың кәсіпкерлікті қолдау жылын 2020 жылға дейін ұзартқаны. Демек, биылғы серпін жалғасын тауып, аймақта шағын және орта бизнес одан әрі дами түсетін болады. Бұл - елдің ризығы арта түседі деген сөз.

Сонымен бірге облыс орталығында "Кәсіпкерлер үйінің" ашылып, онда кәсіпкерлікке қатысты барлық құрылымдардың топтасуының өзінше игілікті шара болып отыр. Оның кәсіпкерлер қауымы үшін ыңғайлылығы мен тиімділігі мол.

Сейітқали АЛШЫНБАЕВ, кәсіпкер, Өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі.

КАСИБИ МЕРЕКЕ |



ЖОЛ-КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҢАША СИПАТТА ДАМЫП КЕЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен көлік саласы қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтіп, сала қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.

БҮГІНГІ САНДА |

«ЖАҢА ӘЛПБИ ЖАҢАНДЫҚ БАЙЛАНЫСҚА ЖОЛ АШАДЫ» 3 >>>



ҚАЗАҚТЫҢ ҰШҚЫШ ҚЫЗДАРЫ 4 >>>



АНАНЫҢ КӨҢІЛ ТЕЛЕФОНДА, БАЛАНЫҢ КӨҢІЛ... 8 >>>

2-бет

2-бет

5-бет

2-бет



ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ӨҢІРДІ ӨРГЕ ЖЕТЕЛЕУДЕ

Қазіргі сәтте, Қызылорда облысының аумағында 1726 пәтерді құрайтын 42 көпқабатты тұрғын үйді құрылысы жүріп жатыр. Биыл соның үміт дегенде, 36-сын қолдансақ береміз. Оның ішінде, Сырдарияның сол жағалауынан салынып жатқан жаңа қалада тұтас бір шағын ауданды – яғни, 16 көпқабатты тұрғын үйді ел игілігіне ұсынамыз, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде облыс бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде атқаруға дайын деуге болады. Сонымен қатар бұл бастаманы іске асыруда нарықтағы бұрын қолданыста болған тұрғын үйлерді сатып алу мүмкіндігін де қарастыру көзделген. Жеңілдікпен несие беру, бұл мақсатқа жетудің құралы ғана, ал негізгі мақсат – баспанаға мұқтаж азаматтарды мейлінше тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Сондықтан биыл аймақ тұрғындарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында «Орда» тұрғын үй құрылысының Жол картасы әзірленген. Бұл құжаттың негізгі мақсаты – облыс тұрғындарын әсіресе, әлеуметтік қолдауды қажет ететін тұрғындарды тұрғын үймен қамту.

Елімізде әрбір тұрғынға қатысы бар әлеуметтік маңызды бастаманың бірі – жоғары білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру жағдайы. Бұл бағыттағы жұмыстар 2014 жылдан бері жағаласып, нәтижесінде мектеп түлектерін ең үздік отандық және ресейлік жоғары оқу орындары мен колледждерінде оқытуға мүмкіндік туды.

Бүгінде Қызылорданың 452 білімді жасы Ресей Үкіметінің грантымен Мәскеу және Санкт-Петербургтің үздік техникалық ЖОО-да білім алуға. Осы айда «Мәскеу болат және құймалар институтының» және Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық өсімдік полимерлер университетінің алғашқы 62 студенті дипломдарын қолдарына алып, елге оралады, ал 13 студент әрі қарай білімін магистратурада жалғастырмақшы.

Сонымен қатар, жыл сайын ауылдық жерлердегі көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан талапкерлерге облыс әкімінің 100 гранты бөлініп келеді. Биылғы жылдан бастап, облыс әкімі гранттың санын 205-ке жеткізді, бұл ретте олардың 70% ақпараттық технологиялар саласындағы мамандықтарға бөлінеді. Жалпы алғанда, бүгінде аталған грантқа 900 адам ие болып отыр, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, жыл сайын қызылордалық түлектерді Татарстанның «Инополис» университетінде оқыту туралы келісімге келіп, «Сколково» инновациялық орталығымен келіссөз жасалғаны айтылды.

Биылдан бастап қызылордалық жастарға Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің магистратурасына «Киберқауіпсіздік» және «Процестерді математикалық модельдеу» мамандықтары бойынша 20 грант бөлінеді. Сондай-ақ, Еуразиялық эконо-

микалық одақтың Парламентарлық Ассамблеясына қарасты университетпен Меморандумға қол қойылып, өңірдегі үздік мектеп түлектеріне жыл сайын 10 білім беру грантын бөлу туралы келісімге қол жеткізілген.

Бүгінгі таңда жалпы облыс бойынша жатақханаларға қажеттілік 1525 орынды құрайтын болса, оның ішінде 975 орын мемлекеттік оқу орындарына, 525 орын жекеменшік білім ордаларына қажет. Бұл орайда облыс әкімі 5 мемлекеттік және 3 жекеменшік колледж үшін жаңа жатақханалар салу мақсатында жалпы ауданы 11,5 гектар жер телімі бөлінетінін атап өтті.

Бес бастаманың бірі – шағын несие беру көлемін арттыру. Жалпы шағын және орта бизнесті қолдау өңірдегі салық базасының ұлғаюына, жаңа жұмыс орындарының құрылып, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақталуына жол ашады. Облыста жыл басында жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар саны 97 538-ге жеткен. Ал жұмыссыздар қатарын азайтып, елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттырудың бір шешімі – шағын және орта бизнеске қолдау көрсету.

Облыстық әкімдік, мәслихат, «Нұр Отан» партиясы, Қоғамдық кеңес пен «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының бірлескен шешімі бойынша біз 2018 жылды «Жалпай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жарияладық. Осы мақсатта кешенді «Жол картасын» әзірледік. Оны іске асыруға жалпы есебі 32 млрд теңге бөлуді жоспарлап отырмыз. Оның ішінде 3 млрд теңге стартап жобаларға бөлінеді.

Жүйеленген нақты жұмыстардың нәтижесінде, соңғы бір жылдың ішінде облыстағы кәсіпкерлік субъектілерінің саны 11%-ке өсті. Бұл көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы өңірлер арасында көшбасшы позициясына көтерілгенін мақтанышымен айта аламыз. Алдымызда тұрған мақсат-міндеттерді ескере отырып, алдағы 2 жылды да «Жалпай кәсіпкерлікті дамыту жылы» деп жариялауға шешім қабылдадық, – деді облыс әкімі.

Бесінші бастама – елді газдандыру мәселесіне келетін болсақ, бүгінгі күні облыс тұрғындарының 63 проценті табиғи газды тұтынып отыр. Өткен жылы Қызылорда қаласы және 4 аудан орталығы «көгілдір отынмен» қамтылды. Сондай-ақ, былтыр Байқоңыр қаласына газ берілді. Биыл қалған 3 аудан орталығына, атап айтқанда, Жосалы, Жалағаш және Теренөзек кентіне газ жеткізу көзделсе, мұнан кейін елді мекендерді газдандыру жоспарға алынған.

Бастама ұсыну барысында Мемлекет басшысы орталық және солтүстік өңірлерді газдандыру үшін «Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» магистральды газ құбырының салуды ұсынды. Өткен жылы Қызылорда облысында «Қараөзек» жоғары технологиялы газ-компрессорлы станциясы пайдалануға берілді. Ол Астана мен солтүстік өңірлерді газ-

дандыру мақсатында жұмыс істемек. Облыс әкімі Астананы газдандыру жұмысы Арал жерінен бастау алуы өңірге жаңа инвестиция тарту үшін таптырмас құрал екенін атап өтті.

Ең бағсысы, жаңа жұмыс орындары ашылып, аймақ тұрғындарын жұмыспен қамтуға зор пайдасын тигізбек. Аталған жоба бойынша аймақ өз міндеттерін орындады. Жер учаскелері бөлінді, жұмысшы кадрлармен қамтамасыз етуге де дайынбыз. Бізде енді тек бір ғана тілек бар: жобаны жүзеге асыратын компания өзінің филиалын облыс аумағында тіркеп және мүмкіндігінше біздің жергілікті кадрларды жұмысқа тартса дейміз, – деді аймақ басшысы.

Қазіргі уақытта өңірде барлық сала бойынша тұрақты даму бар. Дегенмен, облыс әкімі қазіргі жағдайға тоқмелейсіміз, замана көшіне ілесіп, даму үрдісін одан әрі жалғастыра беру керектігін айтты.

Бес әлеуметтік бастамада жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту мәселесіне басымдық берілген. Жиында осы бағыттағы атқарылған жұмыстар турасында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ақзира Қасымова хабарлама жасады.

Қазіргі таңда облыстағы 30-ы техникалық кәсіптік білім беретін оқу орнында 22 480 студент білім алуға. 2018-2019 жаңа оқу жылына техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлар дайындауға арналған 3108 орын мемлекеттік білім беру таспырысы негізінде орналастырылып, 71 мамандықтың 13-і және 111 біліктіліктің 30-ы жаңадан енгізілген. Сондай-ақ, өткен жылдан бастап жастардың жұмысшы мамандығын тегін алуына мүмкіндік беретін «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім беру жобасы» жүзеге асырылып келеді. Мұнан кейін Ақзира Бақтыбайқызы студенттерді жатақханамен қамту мәселесіне тоқталып, облыс орталығында және аудандардағы колледждерде осы тұрғыда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Жалпы 30 колледждің ішінде 16 мемлекеттік колледждің бөсуінде, жекеменшік 14 колледждің алтауында жатақхана жоқ. Біреуіне қосымша жатақхана құрылысын салу қажет. Жалпы жатақханаға қажеттілік 1525 орынды құрайды. Жоспарға сәйкес, бұл мәселені шешімін табу үшін студенттер бил 75 орынмен, 2019 жылы – 700, 2020 жылы – 500, 2021 жылы 200 орынмен қамтамасыз етіледі деп жоспарланған, – деді ол.

Жиында республика бойынша салынатын барлық жатақхананың негізгі ұйымдастырушысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамының президенті Асқар Ибраимов еліміз бойынша жатақхана құрылысының жай-күйі туралы баяндады.

Елбасының шағын несиеңі кеңейту жөніндегі төртінші бастамасы – халық табысының

еселенуіне және әрбір қазақстандықтың өмір сапасының жақсаруына ықпал ететіні анық. Жиында шағын несие беруді көбейту бағысы туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департамент директоры Жеңібек Дулатов және Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті директорының міндетін атқарушы Шыңғыс Ахметов қосымша хабарлама жасады. Ал елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру жұмыстарының бағысына «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Қанат Құрманғалиев тоқталып өтті.

Президенттің бес бастамасын іске асыру – мемлекеттік маңызы бар мәселе. Жиын барысында «Президенттің бес әлеуметтік бастамасының» іске асырылуын бақылау жөніндегі Республикалық Қоғамдық кеңестің төрағасы Бақытжан Тұрсынұлы Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша үздіктердің бірі екенін жеткізді.

Елбасының бес әлеуметтік бастамасын тиімді іске асыру мақсатында Үкімет барлық қажетті іс-шараларды қабылдады. «7-20-25» бағдарламасы толығымен бекітіліп, қазіргі таңда шамамен 1 млрд теңгеге ипотекалық несие берілді. Бағдарлама басталғаннан бергі бір айда республика бойынша екінші деңгейлі банктер арқылы 420-дан астам өтініш мақұлданды. Бағдарламаның іске асқанына көп бола қойған жоқ, сондықтан Сыр елінде Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа қаланың салынуына орай, бұл бағдарлама тұрғындар үшін тиімді болар деген ойдамын. Сондай-ақ, бұл тұрғыда «Орда» бағдарламасы бекітіліп, сәтті тәжірибе жүзеге асырылып жатыр екен. Бұл несие алушылардың аясын кеңейтуге және аталған бастаманы сәтті іске асыруға септігін тигізетіні анық. Мұндай бастама әзірге тек Алматы мен Қызылорда облысында бар. Бұл тәжірибені өзге де облыстарға тарату керек деп есептеймін, – деді ол.

Бақытжан Жұмағұлов егемендік алған жылдардағы Сыр елінің жағдайына тоқталып, қазіргі таңда облыстың ерекше қарқынмен дамып, өзгергенін де баса айтты. Расында, туелсіздік алар тұста Елбасы алдында бірі – Қызылорда облысын тарату, екіншісі – Арал ауданы тұрғындарын көшіру туралы жарлықтың болғаны мәлім. Бүгінде Сыр елі әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысынан республика бойынша үздік бес аймақтың бірі.

Жиын соңында облыс әкімі «Бес әлеуметтік бастаманы» жүзеге асыру – еліміздің даму көкжиегін кеңейтіп, жұртшылық үшін пайдалы жобалардың іске асуына үлкен мүмкіндік беретінін, сондықтан халық пен бизнес өкілдерінің арасында түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізіп отыру қажеттігін жауапты тұлғаларға тапсырды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

MEDIATION KUNI I

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРІЛДІ

«Медиация күні» қарсаңында және «Медиация туралы» ҚР Заңының қолданысқа енгізілуіне 7 жыл толуына байланысты «Бітім» медиация орталығы қоғамдық бірлестігі облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп, медиация саласы бойынша кеңес беру мақсатында «Ашық есік» күнін өткізді.

Елімізде медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастар 2011 жылғы 5 тамызда күшіне енген «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Өткен жылдардың іс-тәжірибесі негізінде осы күн «Медиация күні» мәртебесін иеленді. 2018 жылғы 27 сәуірде Мемлекет басшысы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізді, соның нәтижесінде Ассамблея қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қамтамасыз етуші медиацияны дамытуға ықпал етудің тетігіне айналды, – деп атап өтті шарада «Қоғамдық келісім» КММ-нің директоры Уәлихан Ибраев.

Сондай-ақ, шара барысында №2 Қызылорда қалалық сот судьясы Жұлдыз Жакеева және «Бітім» медиация орталығы» ҚБ төрайымы Ләззат Бақтыбаева сөз сөйлеп, оларын ортаға салды. Сонымен бірге даулы мәселелерде тараптарды өзара келістіру мақсатында «Бітім» медиация орталығы» ҚБ-ның кәсіби медиаторлары келушілерге құқықтық кеңестерін берді. Қатысушылар медиация тақырыбында сауалнамалар толтырды.

«Достық үйінде» 2016 жылдан бері медиация кабинеті жұмыс жасайды. Бүгінде облыс көлемінде 57 кәсіби және 615 кәсіби емес медиатор тіркелген.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

BRIFING I

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ СИПАТЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС АЗАЙМАЙ ТҮР

Жыл басынан бері мемлекеттік қызметке орналасу үшін 515 үміткер тәжірибелену өтіп, оның 206-сы қызметке қабылданды. Ал, жергілікті атқарушы органдардан 23 қызметкер, орталық атқарушы органдардан 25 қызметкер және 5 мемлекеттік қызметші жұмыстан босатылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департамент басшысы Абзал Мұхымов мәлімдеді.

Облыстың 25 аумақтық және 25 жергілікті атқарушы органдарымен 391 қызмет түрі көрсетіліп келеді. Биыл 1598066 қызмет көрсетілсе, оның 1023617-сі электронды түрде көрсетілген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 2,5 есеге артса, мемлекеттік органның тікелей өзімен қағаз түрінде көрсетілетін қызмет саны 41,8 процентке төмендеген, – дейді департамент басшысы.

Мемлекеттік қызметтің қызметтер саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша департаментпен 25 тексеру жүргізіліп, 5649 заңбұзушылық анықталған. Департамент басшысы көптеген бұзушылықтар қызмет көрсету тәртібін бұзу, стандартта көзделмеген құжаттарды талап ету, толық емес құжаттар бола тұра қызмет көрсету, стандартта көрсетілген қызмет көрсету мерзімдерін сақтамау сияқты өзге де заң бұзушылықтар жоқ беретінін айтты. Заң бұзушылықтарға жол берген 17 қызметшіне тәртіптік жаза қолданылған. Оның 3-і «қатаң сөгіс» алса, 1-іне «сөгіс» берілді, ал 13 қызметкерге «ескерту» жасалды.

Биыл облыс көлемінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы 91 қылмыс тіркеліп, өткен жылдың 6 айымен салыстырғанда 21,3 процентке өскен. Осылайша сыбайлас жемқорлықтың Қызылорда қаласында – 65, Арал ауданында – 9, Қазалы ауданында – 2, Қармақшы ауданында – 4, Жалағаш ауданында – 2, Шиели ауданында – 6 және Жаңақорған ауданында 3 фактісі тіркелген. Айта кету керек, сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтар мемлекеттік сатып алу саласында, қорғаныс істері саласында, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамтамасыз ету және ішкі істер органдары салаларында жиі орын алған.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

КЕНЕДЕН КЕЛГЕН КЕСЕЛДЕН БІР АДАМ КӨЗ ЖҰМДЫ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы індетінен 38 жастағы жаңақорғандық азаматша қайтыс болды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұппалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Махамбетова мәлімдеді.

Биыл осы кезге дейін облыста кене шағуға байланысты 938 жағдай тіркелді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 28 процентке төмендеп отыр. Алайда, тіркелгендердің ішінен 9-ы Конго-Қырым безгегіне күдікті деп танылды. Оның ішінде 5-і болжамды, 2-і ықтималды, 2-і нақтыланған болатын. Нақтыланған жағдайдың бірі – осы жаңақорғандық азаматша. Ол кісі 29-шілде күні ауруханаға түсіп, емдеу жұмыстары жүргізілді. Өкінішке орай, дәрігерлік көмек көрсетілгеннен, өмірін сақтап қала алмады, – деді ол.

Кененің көп кездесуі жөнінен аймақта жоғары көрсеткішті Жаңақорған ауданы мен Қызылорда қаласы көрсетуде. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша өңірде 2014 жылы – 3, 2015 жылы – 31, 2016 жылы – 19, 2017 жылы 21 жағдай тіркелген. Бүгінгі күні екінші науқастың жағдайы жақсы, дәрігерлік бақылауда. Ал, қайтыс болған азаматшамен байланыста болған жандарға эпидемиологиялық тексерістер жүргізілуде.

М.ОТАРАЛЫ.

БЕС БАСТАМА: ӘР БАҒЫТТА ЕРЕКШЕ ҚАРҚЫН БАР

Келесі нысан «Q-med» эндоекологиялық оңалту клиникасының жұмысымен танысу болды. Елбасының 5 әлеуметтік бастамаларының бірі – шағын несие беруді көбейту. Онда жаппай кәсіпкерлікті дамыту аясында жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесінде өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз еткен және жұмыссыз азаматтар арасында жеңілдігі бар шағын несие ұсынудың ең тиімді механизмі екені көрсетілген. Осы орайда Раушан Базарбай жеке клиника ашып, жұмысын жетілдіру үшін биылғы жылдың сәуірінде шағын және орта бизнесті дамытуға арналған бағдарлама арқасында 18 млн теңге несие алған. Несие кепілсіз 6 процентпен берілген. Бұл – кәсібин енді бастағандар үшін үлкен қолдау. Клиника тұрғындарға терапевтік қызмет, диагностика, реабилитациялық емдеу және басқа да ем түрлерін жүргізеді. Кәсіпкер жастар практикасы бойынша 5 жас маманды жұмысқа қабылдаған. Енді 10-14 жұмыс орнын ашуға дайын.

Одан әрі кеңес мүшелері қаладан 40 шақырым қашықтықта орналасқан «Қараөзек» жоғары технологиялық газ-компрессорлық станциясына бағытталды. Президенттің 5 әлеуметтік бастамасы аясындағы «Қараөзек» станциясы «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағыты бойынша магистральды газ құбырының қақпасы бо-

лып табылады. Онда делегация станцияның қуаттылығымен, іске қосылуға дайындық барысымен танысты. Жалпы, «Қараөзек» станциясы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының 944 шақырымда орналасқан, осы жылғы сәуірде Ақтөбе облысында пайдалануға енгізілген «Бозой» станциясынан қосарлы жұмысқа есептелген. Станцияның мүмкіндігі «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырының өткізгіштік қабілеттілігін 10 млрд текше метр газға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Бұдан басқа «Қараөзек» КС құрылысы Астананы және солтүстік өңірлерді газдандыруды есепке ала отырып, жоспарланған. Бұл мақсатты орындауға станция қуаты толығымен жетеді.

Шарада ҚР Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры Зияш Қияқбаев осы жұмыстар төңірегінде айтты.

Сондай-ақ, «Электротехнология» ЖШС оқу орталығы да назарға ұсынылды. Оқу орталығы биылғы жылдың наурыз айында өз жұмысын бастаған. Онда электр-газбен дәнекерлеуші, электр жабдықтарына қызмет көрсетуші және жөндеуші мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Қазір мұнда 16 азамат білім алуға. Электр-газбен дәнекерлеуші мамандығы бойынша 33 азамат бітіріп шыққан. Оқыту мерзімі – 3 ай. Бітірген мамандардың көпшілігі тұрақты жұмысқа қабылданды.



Мұнан кейін ҚР Президентінің бес әлеуметтік бастамасын іске асыруды бақылау бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері Шиели ауданындағы Талаптан ауылдық округінде орналасқан «Шиели-төрт түлігі» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің және

«Ару Ана» түйе сүтін өңдеу цехінің жұмысымен танысты.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».



Елбасының Жарлығымен жаңа әліпбидің жобасы бекітіліп, жалпы халық бұған қолдау танытты. Бүгінгі таңда ғалымдардың, сала мамандарының ұсыныстары мен қоғамдық пікірлер қаперге алынып, осынау жаңа әліпбидің емле ережелері әзірленіп жатыр. Бұл орайда Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілеповпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Ербол Ерденбекұлы, жаңа әліпбиге көшу бағытындағы әзірлік жұмыстары жайлы айтып өтсеңіз...

– Елбасы Жарлығы шыққаннан бері бірқатар шаралар атқарылды. Ең бастысы, Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің қолымен, 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көшудің кешенді жоспары бекітілді. Осы жоспар аясында әрбір сала бойынша мамандар дайындау, оқулықтар шығару, жарнама, көрнекі ақпарат мәселесі сияқты барлық қажетті шаралар қамтылды. Бұл – бір. Екіншіден, Ұлттық комиссия құрылды. Аталған комиссияның жанынан 4 жұмыс тобы құрылды. Олар: орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық, техникалық және ақпараттық сүйемделу топтары.

Бүгінгі таңда Елбасы бекіткен әліпбидің емлесі дайындалды. Бұл жұмыстардың барысында биылғы жылдың II маусымында Астана қаласында жоғарыда аталған жұмысшы топ мүшелерінің, білікті сала мамандарының қатысуымен үлкен конференция өтіп, онда жаңа әліпбидің емле ережелерін жасаудың концепциясы бекітілген болатын. Осыдан соң жұмысшы топтар 4-10 шілде аралығында Ақмола облысы, Зеренді кентінде жиын өткізіп, өзара пікір алысып, ортақ шешімге келдік. Әрине, пікір қайшылықтары да болды. Дегенмен, айтылған ұсыныстарды әбден салмақтап, саралай келе жоғарыдағы концепцияның негізінде жаңа әліпбидің емлесі әзірленді. Қазіргі таңда осы емлені сынақтан өткізу шаралары жан-жақты жүргізіліп жатыр. Атап айтар болсақ, осыған дейін Қарағанды, Қокшетау қалаларында, бүгінде Қызылорда қаласында, одан әрі Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстары, Алматы, Астана қалаларында осы мақсаттағы басқосулар өтетін болады. Онда мемлекеттік қызметшілер, ғалымдар, сала мамандары тарапынан айтылған салмақты тұжырымдар мен ұсыныстар және қоғамдық тұрғыдағы пікірлер назарға алынады.

Жаңа әліпбидің емлесін бұлайша сынақтан өткізіп отырған себебіміз, әліпбиді ауыстыру – тек лингвистикалық құбылыс емес, соныммен қатар, әлеуметтік құбылыс деп қарауымыз керек. Сондықтан бұл орайда әлеуметтің көзқарасы айқындалып, жан-жақты сараптаулардан кейін шешімдер қабылданып болады. Осыған дейін өзміз күе болғандай, жаңа әліпбидің жобасын талқылау барысында халық бұл мәселеге бей-жай қарамайтынын байқадық.

Ең бастысы, саяси шешім қабылданды. Халық бұған қолдау танытты. Ендігі кезекте біз «Бізге қандай әліпби қажет? Қандай таңбалар жүйесі қажет?» – деген мәселені қарастырып жатырмыз. Бұл ретте жоғарыда айтып өткеніміздей, төрт жұмысшы тобы

Алматы қаласында бас қосып, жаңа әліпбидің емлесіне қатысты барлық пікірлерді талдап, таразылай келе, емле ережесінің жобасын әзірлеп, қыркүйек айында Ұлттық комиссияның қарауына ұсынатын боламыз. Бүгінгі таңда бұл бағытта 3 мыңға жуық адам жұмыс жасап жатыр. Олардың қатарында осы

стандарттық формасы болуы керек. Өздеріңіз білесіздер, жаңа әліпбиде бар болғаны – 32 ғана таңба, сондықтан үйренуіміз де аса қиын бола қоймас.

немесе авиациялық, қаржылық қызметтер бойынша жұмыс әліпбиі, т.б. деген сияқты... Айталық, латын әліпбиіне көшпеген Қытай, Корея, Жапония, Үндістан, Араб елдерінде жұмыс әліпбиі міндетті түрде пайдаланылады. Өйткені бұл –

Байтұрсынұлының принципіне сүйеніп, ана тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне көбірек мән берілді. Жұмыс тобы осы принципті негіз етіп алды. Ең бастысы, бұл нұсқада дыбыстар орнында тұр. Бірде-бір дыбыс ұмыт қалмаған. Себебі, біздің мақсатымыз – қазақтың төл дыбыстарын айтылуына

кетейік, әлем елдерінің 48 проценті латын әліпбиін қолданатын болса, ғылым, инновация жаңалықтарының 77 проценті латын әліпбиінде жарияланады екен. Оның ішінде, 200 млн-дай түркі халықтарының 55,5 проценті латын әліпбиін, 24 проценті араб, 17,7 проценті кирилл әліпбиін қолданатыны белгілі болып отыр. Демек, біз теріс келген дұрыс таңдау жасадық.

– Латын әліпбиіне көшу тек қана таңба ауыстыру емес, жазу реформасына айналуы керек деген пікірді түсіндіріп өтсеңіз...

– А.Байтұрсынұлының Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек осы салада тер төгіп жүрген білікті азаматтардың бірі. Оның айтуынша, латын әліпбиіне көшу – тіліміздің құрылымындағы қазіргі жаңасөз кетіп қалған қателіктерді түзетудің зор мүмкіндігі. Яғни, әліпбиді өзгерту деген тек кирилл әріптерін латынмен алмастыру ғана емес, ол жазу саласына реформа жүргізіп, қазақ тілінің орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтарына тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізу дегенді білдіреді. Өзіміз күнделікті көріп-біліп жүргендей, қазіргі таңда орфоэпия (айтылым) заңдылықтары ұмытылып, сөздің айтылуы да, жазылуы да орфография (жазылым) заңдылықтарына қарай ауысып бара жатыр. Бір ғана мысал, айтылуында «сарарқа» сөзін «сарыарқа» деп жазамыз. Соңғы уақытта бұл сөзді жазылуындағы нұсқасына сай дыбыстайтын болдық. Сөйте тұра, «қазақ тілінің ережесінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді» дейміз. Қайшылық бар ма, бар. Мұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Сол себебі жаңа әліпби жүйесінде бұрынғы кеткен қателіктер өзгертіліп, емле ережелеріміздегі заңдылықтар толық сақталатын болады.

– Жаңа әліпбиге көшу бағытындағы шаралардың бірі – «Жаңа гуманитарлық білім – 100 жаңа оқулық» жобасы қолға алынды. Бұл жұмыстардың алдағы бағыты қандай?

– Білуімізше, осыған дейін әлемдік деңгейдегі ең көрнекті әдебиеттер ішінен 18 оқулық аударылды. Биылғы жылы да 20-дай оқулық жарық көреді және олардың барлығының электронды нұсқасы шығарылады. Кейбіреулер «Латын әліпбиіне көшкенде кешегі кирилл таңбасымен оқығандар үшін жаңа шыққан әдебиеттерді оқу қиындап кетпей ме?» – деп сұрап жатады. Ешқандай қиындық жоқ. Айталық, бүгінгі техниканың жетістігімен ең қиын деген төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясының өзін бірнеше секундта аударуға болады.

Егер таңбаға байланысты кітап оқу қиын болса, жұрт қытайша қалай үйренуде? Олар да бес мың таңба бар, Десек те, қазір қазақ жастары қытай тілін бас-аяғы бір-екі жылда үйреніп жатыр. Яғни, тіл үйрену мәселесі таңбада тұрған жоқ. Мәселе – қажеттілік болып отыр. Өткен ғасырдың өте қиын кезеңінде он екі жыл латынша жаздық. Айталық, Шерхан Мұртаза, Мұқағали Мақатаев, Еркеғали Рахмадиев секілді өмірде үлкен жетістікке жеткен елдің тулғалы азаматтары алдымен латын әліпбиімен сауаттанған. Олар халқымызға рухани мол қазына қалдырды.

Олай болса, бүгінгі XXI ғасырда, ақпараттық технология қарыштап дамыған қоғамда жаңа әліпбиді қабылдау аса үлкен қиындық тудырмайды. Бұл – болашақтың таңдауы, жаңа дәуірдің талабы. Сондықтан елдік мүдде жолында ерекше оптимистік көзқарас қажет.

–Рахмет!

Әңгімелескен, Ғазиза ӘБІЛДІ, «Сыр бойы».

Ербол Тілепов, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры:

«ЖАҢА ӘЛІПБИ ЖАҢАНДЫҚ БАЙЛАНЫСҚА ЖОЛ АШАДЫ»



саланың білікті мамандары, ғалымдар, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары бар. Олардың тарапынан айтылған ұсыныс, пікірлерге мониторинг жасалып, жинақталады. Осыны басшылыққа ала отырып, жаңа әліпбидің емле ережелері бекітілетін болады.

– «Латын әліпбиімен қазақ тілін меңгеру қиын. Әсіресе, осы күні үш тілді қатар оқып жатқан мектеп оқушылары үшін оңай болмайды» деген пікірлер айтылып жүр. Сіздің ойыңыз қандай?

– Жасыратыны жоқ, жаңа әліпбидің жобасын әзірлеуде кейбір көңілге қоңбайтын пікірлер де айтылып жүр. Мәселен, «Латын әліпбиін ағылшын тілінің таңбасына теңестіре салсақ болмай ма?» деген тәрізді. Бұлай етуге мүлде болмайды. Оның бірінші себебі, ағылшын тілі басқа тілдік топта. Табиғаты тіпті бөлек. Біздің ұлттық табиғатымызға жанаспайды. Әрбірден соң, испан немесе каталан тілі, француз, италиян, португал тілдерін бір ғана «роман» тілі дегенмен, олардың әрқайсысының әліпбиі басқа. Сол сияқты, бір славян тілдері дегенмен, әліпбилері бөлек. Кешегі посткеңестік кезеңде де одақтас республикалардың әліпбилері әртүрлі болды. Сондықтан компьютердің, клавиатураның ыңғайына байымделіп, оңай жағын ойластыруымыз жөн емес. Мәселен, біз кириллден шығып, ағылшын әліпбиіне көшкенде не ұтамыз? Бұл жағдайда біздің кей дыбыстарымыздың фонетикалық, орфографиялық өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Кезінде кирилл әліпбиімен көп таңбамыз бірдей болған еді, салдарынан сол таңбалардың дыбысталуы өзгергенін байқадық. Қорыта айтқанда, өзміздің ұлттық тұрпаттымызға сай әліпбиіміз болуы тиіс. Оның кейбір таңбаларында өзгешеліктер болуы да заңды. Себебі, қазақ әліпбиінің өзіндік матрицасы, өзінің

Шынында, жаңа әліпбиді қабылдау барысында халық мектеп қабырғасында оқып жатқан балалары үшін алаңдайды. Өйткені балалар бастауыс сыныптан кирилл әліпбиіндегі орыс тілін, оған қоса ағылшын тілін үйренуде. Енді келіп, оларға латын әліпбиін жүктесек, оңай болмайтыны рас. Бұл мәселе бізді де ойландырады. Бұған қатысты ұлттық комиссия өз ұсыныстарымызды беретін боламыз.

Осы ретте айта кетейін, аталған мәселе бойынша білікті педагог, Алматы ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Қатаут Аяпова Үкімет басшысының қаңтасымен өткен үлкен бір жиында арнайы мәлімдеме жасады. Яғни, алдағы уақытта мектептің бірінші сынып оқушыларына ең алдымен, бүгінгі күні елімізде қолданысқа енгізілген латын әліпбиін оқытып, баланың көз дағдысы, қол дағдысы әбден қалыптасқаннан кейін ғана, (ең болмағанда, екінші сыныптан бастап) ағылшын тілін оқытуды енгізе деген мәселені көтерді. Менің ойымша, бұл өте орынды бастама, сондықтан бұл мәселеге байланысты оң шешім қабылданады деген ойдамын.

– Сіз бір сұхбатыңызда «Жаңа әліпбиді енгізу алдында жұмыс әліпбиін сынақтан өткізу үшін айтқан екенсіз. Осы пікіріңізді өзінше білсек...»

– Иә, жаңа әліпбиімізді енгізудің алдында жұмыс әліпбиін сынақтан өткізу қажет дегеніміз, біздің қазіргі қолданып отырғанымыз да жұмыс әліпбиі деп айтқандық. Жалпы жұмыс әліпбиі деген барлық елдерде болған. Мысалы, қазіргі өзінде орыс халқында «русская латиница», жапондарда «романдзе» деген ұғым бар. Яғни, «роман» деген роман тілінен келген, «дз» деген таңба дегенді білдіреді. Бұл сол елдердің жұмыс әліпбиі. Жұмыс әліпбиінің бірнеше түрі бар, олар: теңіз саласы қызметіне

халықаралық кодтар, халықаралық стандарттар. Мысалы, физикадағы халықаралық Си системасы, химиядағы Менделеев периодтық системасы да жұмыс әліпбиіне жатады. Бұл әліпбиге байланысты әртүрлі таңбалар бар. Олардың қолданыс аясы жұмыс барысында жүйеленетін болады. Сондықтан жаһандық қарым-қатынаста жұмыс әліпбиін бекітудің маңызы зор.

Осы орайда айта кетейін, 2019 жылы еліміздің бірнеше мектептерінде нәтижелі сыныптардан латын әліпбиін оқыту тәжірибесі енгізілетін болады. Есіңізде болса, бұрын алты жастан мектепке баратын кезде осындай эксперимент болған. Сол сияқты, еліміздің әр өңіріндегі бірнеше мектептерде осы тәжірибе жүзеге асырылады. Ал 2020 жылдан бастап жалпы мектептерде латын әліпбиі бірінші сыныптан оқытылады. Егер 2019 жылы латын әліпбиін оқытуды жаппай енгізетін болсақ, олар екінші сыныпқа барғанда әліпбиді кейбір таңбалар өзгеріп, олқылықтар орын алуы мүмкін. Сондықтан осы мәселенің алдын алу үшін алғашқы кезекте тәжірибе жүзінде қолға алып отырымыз.

– Жаңа әліпбиді енгізу барысында жүздеген жоба сарапталды. Соның ішінде бүгінгі нұсқаны таңдауымыздың себебі неде? Ғалымдар қандай негізге сүйеніп отыр?

– Өздеріңіз білесіздер, алғашқы диграфтық нұсқа қолайлысы болды, одан кейінгі апрофротық нұсқа компьютерге енгізуге қиындап келтіреді дедік. Сондықтан соңғы нұсқа басқасына қарағанда, мейлінше ыңғайлы болды. Дегенмен, әзірленіп жатқан емле ережесіне сәйкес кейбір таңбалар өзгеруі де мүмкін. Бұл алдағы уақытта, яғни емле жобасы сынақтан өткен соң белгілі болады.

Айта кетейік, латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді дайындауда негізінде, тіл білімінің атасы Ахмет

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБАНЫҢ СЫНАМАСЫ ЖАЛҒАСТЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деген болатын.

Осы ретте бейсенбі күні облыстық әкімдікте ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мамандарының ұйымдастыруымен «Жаңа емле ережелері қанатқақты жобасының сынақтан өткізу» шарасы өтті. Өңірмізге арнайы келген жұмыс тобы қазақ тілінің латын графикасына негізделген жаңа емле ережелері жобасының сынама жұмыстарын жалғастырды. Жиында аталған орталық директоры Ербол Тілепов пікір білдірді.

– Кездесудің мәні – үлкен елдік мәселе – латын әліпбиіне көшуге қатысты. А.Байтұрсынұлы атындағы институттың мамандары, арнайы жұмыс тобының мүшелері шілде айында жаңа тілдің емле ережесінің жобалық нұсқасын аяқтады. Біз бұл жұмысты кеңінен талқылап, толықтырып, нақтыладық. Енді осы жұмыстарды халықпен кеңесіп, түсіндіру мақсатында ел ішінде болып жүрміз. Бұған дейін Ақмола облы-

сында, Бұрабайдағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында өткен болатын. Алдағы уақытта барлық облыстарды аралап шығу жоспарда бар. Бұл – әлеуметтік құбылыс. Осыған байланысты халық өзінің қолданатын әліпбиін, оның енгізілуінің мәнісін білуі тиіс. Біздің кирилл таңбалы әліпбидің кезінде біраз жіберген олқылықтары бар. Жазылуында, емле ережесінде. Соның орнын толтыру, екінші жағынан халықтың көзқарасы қандай, қолданысы қалай қалыптасады, емле ережені қалай қабылдай екен деген бірнеше сауалдар қойып, соның ретінде сынама жұмыстарын жүргізудеміз, – деді.

Жиында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дің аға оқытушысы Болат Боранбай сөз алып, латын әліпбиіне көшудің басты мақсаттарын атап өтті.

Шарада орталық директоры бұл сынама жұмыстар Алматы қаласында өтетін жұмыс топтарының семинарында сараланатынын жеткізді. Онда көпшіліктің айтылған ұсыныс-пікірлері ескеріледі. Егер айтылған ұсыныс-пікірлер ғылыми тұрғыдан орынды болса, онда толықтырулар мен өзгертулер енгізіледі. Одан әрі төрт жұмыс тобының атқарған істері қорытындыланып, оның тағы да толықтырылған жобалық нұсқасы

Б.Сағынтаев басқаратын Ұлттық комиссияға ұсынылып, жоғары деңгейде бекітілетін болады. Содан кейін бұл халыққа міндетті тілдік заңдылық болып табылады. Қазақстанда 2019 жылы нөлінші сыныптар жаңа әліпбиімен оқиды. Ал 2020 жылы бұл жүйеге бірінші сынып көшеді.

Жиын соңында Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мамандары жаңа емле ережелерінің жобасын сараптамадан өткізу үшін сынама сауалнамасын жүргізді. Қанатқақты жобаның сынама сынама облыстық басқармалар, департаменттер, қалалық және аудандық әкімдік қызметкерлері мен әскери қызметшілер, жастар қатысты. Сауалнамаға қатысушы алдымен өзі туралы ақпарат толтырады. Екінші жаңа қазақ әліпбиі ережесімен танысып шығады. Одан әрі арнайы берілген тапсырмаларды орындап, егер ұсыныс-пікірлері болса белгіленген орынға қалдырады. Жалпы, облыстан сынама сауалнамаға 500 адам қатысады. Бұл сынама нәтижесінде анықталған статистикалық әрі сапалық мәліметтер емле ережелерінің жалпыхалықтық қолдауға не нұсқасын әзірлеуге септігін тигізеді.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».





КІСЕНБАЙ МОЛДА

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында біртұтас ұлт болу үшін қоғамдық сананы жаңғырту қажеттігін көрсеткен болатын.

Қазіргі таңда елімізде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жасалып, Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен халқымыздың тарихынан елеулі орын алатын қасиетті орындарды анықтап, оның тізімін жасау қолға алынды.

Осы ретте Шиелі ауданының Жөлек ауылында орналасқан Кісенбай молда кесенесі туралы сөз қозғамаспыз.

Алдымен, Кісенбай деген қандай кісі болған, соған тоқталмайық. Кісенбай Вестбайұлы 1883 жылы қазіргі Шиелі ауданы, Жөлек ауылында өмірге келген. Бүелі ауыл молдасынан дәріс алған ол 16 жасында Түркістандағы «Қарнак» медресесін бітірген. Елге келіп ауыл балаларының сауатын ашуға қал-қадірінше еңбек етеді.

Бері келе, Кенес үкіметі орнағанда «Халық жауы» атанып, 1936-1937 жылдары құғынға ұшырайды.

1936 жылдың күзінде ұлтқанды азаматтар оны Қарақалпақстан арқылы алып қашып, Өзбекстанға өткізіп жібереді. Артынан құрып келген құрылғылар Кісенбайдың пайдаланып жүрген діни кітаптарының көзін жоғайт.

Ол 1949 жылға дейін Өзбекстанда жүріп, «Самарқанд» медресесінде білім алады. Сол елде жүріп адам емдеген, сабақ берген. Самарқандтағы медресені бітірген Кісенбай Вестбайұлы Ташкент, Орта Азия мұсылмандар орталығынан «Имам» деген құжат алған. Ислам қоғамын басқарған.

Кісенбай қазақ, өзбек, тәжік, орыс тілдерін жетік меңгерген сауатты кісі болған. Ол өлең де жазған. Оның көптеген қолжазбаларын қызылжағалылар өртеп жіберген.

Әңгіме арқанына айналған Кісенбай Вестбайұлы Ахмет, Марал ишандардан білім алады. Ол Жөлек ауылындағы Сырдарияның бөлігіндегі Жантөбеге елді мекеннің жанындағы қазіргі «Үш молда» атанып кеткен жерде 1899-1900 жылдары мешіт салдырып, бала оқытқан. Мешіттің құрылысына Кісенбай, Оразбек, Төлеген деген азаматтар басшылық жасайды. Алла үйі үшін халық кесек құяған. Мешіт қабырғаларының кесегін сол кезде Ресейден келген қашқын Павел Иванович деген орыс жігіті күйдірген екен.

Кісенбай молданың қамқорлығында болған орыс жігіті ислам дінін қабылдап, намазға бағытылып, мешіт кесегін күйдіруге көмектескен. Сол еңбегі үшін рұқсат алып, кесектің сыртына өз есімінің бас әріптерін «П.И.» деген әріптерді түсірген. Оны бүгінгі күні мешіт қабырғаларын өрген кесектердің сыртынан көруге болады.

Кісенбай молданың емшілік қасиетіне тоқтасақ, Ерте-ерте бір кісінің жалғыз баласын қарақұрт шағып, қатты науқастанады. Молда ол балаға 1 күн үзбей елде сала отырып, Құран аяттарымен емдеген екен. Сонымен қатар, бет-ауызы қисайып кеткен өзбек азаматына да 3 күн емдеп, еліне қайтарған. Жиделі ауылында өмір сүратқан өзбек деген нағашысы да солай ауызы қисайып келіп, бірнеше күннен кейін құлан-таза айғағыды. Осы жағдайларды өз көзімен көрген туған немересі Перуза апаидан естігенім, ол кісі 33 жасында сары аурумен қатты ауырыпты. Сөйткені 1 ай 18 күн жасқақтау бөлімінде ем қонбай жатқанда, таңға жақын сәлде кім алған атасы келіп, «Балам, ана кесегеі сүтке дем салып кеттім, соны ішші» дейді. Сүтті ішкеннен кейін ем қона бастаған. Сол сияқты басқа да аурулардан емделгендер бар.

Бүгінде «Үш молда» атанып кеткен Кісенбай ата салған мешіт сақталған. Дегенмен, жөндеу жұмыстарын қажет етеді.

Қазақстанның қасиетті орындарының бірі ретінде немесе «Дни және габидат орындары» санатына жатқызу үшін «Үш молда» мешітін рухани жаңғырту тізіміне енгізсе, дұрыс болар еді.

Жақсылық ӘЛИЕВ,
еңбек ардагері, Шиелі аудандық
Қоғамдық кеңес төрағасы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» идеясын тереңінен зерттеп, оның ғылыми-теориялық негізін қалау қазіргі қазақ зияткерлеріне үлкен сын. Рухани құбылыстардың бастаулары ұлттың тарихымен, сол ұлттың өкіліне тән адам-азаматтық болмысымен де тығыз байланысты. XIX-XX ғасырлардағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың классиктері өздерінің қоғамдық және әлеуметтік өмірге тән заңдылықтарын, басты сапалық ерекшеліктерін, түрлі елдердегі өмір салттарын, сенімдерін, аңыздары мен мифтерін зерттеп ашқан. Қазіргі біздер үшін де рухани жаңғыру мақсаттарына жету жолындағы бір сүбелі нәрсе – өзіміздің ұлттық тарихымыздың жалпы жылнамалық жақтарын ғана емес, сонымен бірге халқымыздың танымал тұлғаларының ғириятты өмірін, өнегелі сөздерін, ерекше қасиеттерін түйсініп-біліп, басты рухани құндылықтарын тиісті дәрежеде көрсету арқылы жастарды тәрбиелеуге және рухани-мәдени байлығымызды байытуға пайдалана білу.

көптеген тылсымдық әрекеттері ел аузында сақталған.

Пірдің осындай қасиеттерімен қатар оның көркем мінез-құлқымен халыққа әсері, жарлы-жақыбайға деген мейірімділігі, дауларға төрелік айтқан кезіндегі әділеттілігі, ешбір жанға залалын тигізбегендігі де ел есінде құрметпен сақталған, кейінгілерге үлгі болған.

Сонымен, әулиенің жетілу жолы – біз үшін үлкен ғирият. Қазақстан егемендік алғаннан бергі кезеңде қазақ ауыз әдебиеті

өмірі осы үшбастау аясында қарастырылып, оның әулиелік қасиеттерінің сыры талданады.

Халық есінде сақталған Мүсірәлінің тылсымдық қасиеттерін қазіргі заманда адам бойындағы магнетизм, спиритизм, телепатия, телекинез, гипноз тәрізді түрлі эзотерикалық сипаттаулар мен тұжырымдар тұрғысынан қарауға болады. Әрине мұндай қасиеттер қазіргі ғылым тұрғысынан өте терең зерттелмеген. Дегенмен әлемде бұл бағытта жасалып жатқан талдау-ізденістер аз емес. Талданып отырған кітаптың авторлары да өз ізденістерін мүмкіндігінше жан-жақты етіп, Мүсірәлінің адами, әулиелік болмыстарының терең сырларын ашуға ұмтылған.

Оның тылсымдық қасиеттерін қысындық сызба нұсқасына дейін келтіріп, тіпті математика әдісімен де өрнектеп берген.

Мүсірәлінің елге жасаған қызметі оның тылсымдық іс-әрекеттері емес, халыққа берген рухани әсерімен құнды. Ол өзінің рухани қуатымен елде ислам дінін нығайтып, халықтың рухани дәрежесін көтеруге күш салып, халықты жауға қарсы біріктіре білді. Нәтижесінде халық бір жұдырықтай жұмылып, қалмақ басқыншылығын тойтарып, соққы берді. Осылай ел ұлттық намысын қорғап, тәуелсіздік жолына түсті.

Руханияттылық пен рухани жаңғырудың не екенін жақсы түсінген Мүсірәлі қоғам өмірін бір арнаға салуға ұмтылған. Ол қазақтың атақты билерімен ақылдаса отырып, қазақтың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, діні мен тілі тәрізді ұлттық қодты қалпына келтіріп, нығайтуға назар аударды. Осы мақсатпен, жоғарыда айтылғандай, Тәуке хан басшылығымен жасалған «Жеті жарғы» жинағын жетілдіруде, жарғыларды қоғам өмірінің негізгі баулаушысына айналдырып, оған қосымша өзінің нұсқау, қағидаларын берген. Бұл құнды құжат, бүкіл қазақ тарихында ерекше орын алып, көптеген жылдар бойы халықтың рухани тірегіне айналды.

Мүсірәлі өз заманында халықты біріктіріп, ұлттық идеяны айқындап, соның іске асуына белсене араласты. Бұл идеяның негізі – адамның сана-сезімін өсіріп, халықтың рухани жігерін көтеру арқылы оны бір тудың астына біріктіріп, жауды тойтару еді. Осылай қазақ халқының ұлттық сана-сезімін көтеру арқылы жаңа рухани деңгейге жеткізуде маңызды рөл атқарды.

Авторлар ұлттық идеяны пайдалана отырып рухани жаңғырудың жолын ұсынады. Ұлттық идеяның мақсаты – адамның болмысын жетілдіру. Бұл жетілу жолы деңгейлерге бөлініп, оларға түсініктемелер беріледі. Ол деңгейлер: бүгінгі қоғамдағы жағдайды түсіну; қалыптасқан жағдайдың ақиқаттығына сеніп, мойындау және оны түсіну; қалыптасқан жағдайдан шығу үшін нысана қабылдау; нысана – ұлттық қодты практикалық тиімділігін қалпына келтіру; соның жолы мен шараларын іздестіру; ұлттық қодты қалпына келтіру жолы – халқымыздың рухани-моральдық байлықтарын толығымен пайдалану; балаларымыздың ерлік қасиеттерін бойға сіңіру; нәтижесінде Еліміздің Мәңгілік болуын ұлттың рухани табиғаты арқылы қамтамасыз ету.

Рухани жаңғыру барысында адам сана-сезімін түрлі сатыларынан өтеді. Олар: тәндік сана-сезім; ой-өріс деңгейі; рухани білім деңгейі; өзінің рухани болмысын таныу; рухани деңгейде шексіз ләззат, яғни нағыз бақыт деңгейі.

Мүсірәлі сопы сана-сезім өсуінің осы бес деңгейін толық өткен. Қорыта келе, бұл шығарманы өзіміздің қазіргі күндері көз жазып қалған ұлы қасиеттерімізді қайта қалпына келтіріп, жоғалтқан құндылықтарымызды жаңғыртып, рухани жаңғыруды тарихтың қойнауларынан өмірге қайта әкелген құнды еңбектердің бірі деп толық айтуға болады.

Сапар ОСПАНОВ,
философия ғылымдарының докторы.



Мүсірәлі пір



на шырақшы болып, дүниеден өткен соң соның жанына жерленеді.

Кітапта қазақ хандығы тарихына шолу жасалып, Мүсірәлі тұсындағы қазақ елінің әлсіреу себебі баяндалады. Басты себеп – сол кездегі халықтың рухани жүдеуі еді, деп көрсетілген.

Өз кезінде қоғамдағы саяси ахуалды жақсы түсінген Мүсірәлі пір халықтың рухани бірлік жолына бағыттаған. Мүсірәлі пір деп танудың негізі тегін емес. Оның ерекше адами қасиеттері болған. Оған қоса өз дәуіріндегі негізгі ғылыми орталарда білім алуы, алған біліміне қоса өзінің адами, әулиелік қасиеттерін дамытуы оның пір және әулие атануына үлкен негіз болса керек.

Үш жүздің бас пірі болып сайлануы үшін бірнеше адам сынақтан өтеді. Олар туайын деп тұрған буыз сиырдың ішіндегі бузаудың қандай екенін айтып беруі керек еді. Сынаққа түскен басқа адамдардың арасында Мүсірәлі: «Бұл сиырдың ішінде ұрғашы қара буауа, құйрығы ақ, құйрығының ағы бузаудың басынан маңдайына оралып келіп жатыр» деп басқалардан анық жауап беріп, алға шыққан екен. Осындай көрегендік қасиетімен қатар, Мүсірәлінің жалғыз өзі көптеген жау әскеріне қарсы тұрып, оларды жеңе білгені; аяу райына әсер етіп, дауыл тудырғаны; алақанының биотоғымен күмбінде суды тез жылты алатыны; табалдырықтың астына тығылған Құран Кәрімді сезіп-білуі; жеті өлікке жан бергені; жауды адастырып, жеңуі; өзген ағысын тоқтатып, денесін көшіріп етуі; жайындаған оттан жанбай шығуы тәрізді

мен ауызша тарихы бойынша, тіпті мұрағаттық материалдарға негізделген зерттеулер аз емес. Олардың көпшілігімен салыстырғанда, біз қарастырып отырған Д.Омаров пен Е.Иманбаевтың зерттеу жұмыстарының маңызды бір ерекшелігі бар. Ол ерекшелік – авторлардың Мүсірәлі пірдің тұлғалық қасиеттерін, табиғи дарындылығын, саяси қайраткерлігін баяндап қана қоймай, тылсымдық қасиеттерін ғылыми тұрғыда талдау жасағаны.

Олар адам жаны мен рухының арақатынастарына талдаулар жасайды. Философиядан белгілі нәрсе: адам – микрокосм болса, әлем – макрокосм болып табылады. Олардың арасында ұқсастық, әрі тығыз байланыс бар. Өз орайында адамның да ішкі табиғаты аса күрделі. Адам жаны, психологиясы, санасы, руханияттылығының бір-бірінен айырмашылығы ғана емес, олардың өзара байланыстары да терең. Авторлар адам болмысы мен әлемнің байланысын көрсетеді. Рухани жаңғыру барысында адамның психологиясы мен денсаулығы қандай өзгеріске түсетінін баяндалады. Ол өзгерістер адам табиғатының материалдық құрылымы мен рухани-тылсымдық әлемінде жатыр. Адамның іс-әрекеттерінің табиғатпен үйлесімді болуы – оның жан тазалығының, рухының бекүнінің келісі.

Авторлардың пікірінше, адам өмірі үш бастаумен байланысты. Біріншісі – тектілігі, ол туабіткен генасы іспетті. Екіншісі – қалыптасу ортасы, яғни алған тәрбиесі. Үшіншісі – жандуының ерекшеліктері. Бұл еңбекте Мүсірәлі

Екінші дүниежүзілік соғыста кеңестер одағаның батыры Марина Раскова, Валентина Гризодубова, Полина Осипенко, Евдокия Бершанская, Ирина Сенирова, Валерия Хомякова, Лидия Литвяк секілді ұшқыш қыздар қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Олардың есімдері кеңестер одағы халқының есінде қалды. Режиссер Михайл Кабанов соғыста ерлік көрсеткен атақты 46-шы гвардиялық түнгі бомбылаушы әуе полкінің ержүрек ұшқыш қыздарына арнап «Түнгі қарлығаштар» көп сериялды кино түсірді. Ал біз не істедік? Ең болмаса, ұшқыш қазақ қыздарының аттарын атап, түсін түстеп олардың соғыстағы жаңқарылық ерліктерін халқына толық танстырып, бағалай алдық па?

Қазақ қыздары Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандас орыстың батыр қыздарынан кем түспеді. Солардың ерліктерін бағалауға қазақтың жайбарақаттығына салынуымыз. Атам қазақ айтқандай «өзіңді-өзің сыйла, жақ бойыңнан түнісің» дегендей қазақтың ұшқыш қыздары кімдер еді? Қазақтың қаһарман қыздары дегенде Әлия мен Мәшһүкәт білетіміз. Кейінгі жылдары үшінші болып, Хиуаз Доспанова қосылды. Өмірінің соңғы жылдары ерлігін ел бағалап, мойындап, «Халық қаһарманы» атағы берілді. Хиуаз Доспанова 1922 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. 1940 жылы Оралдағы орта мектепті үздік бітіріп, запарасты ұшқыш күзегіне алған. Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери әуе академиясына аттанады. Алайда жола болмай, Мәскеудің медициналық институтына түседі. Осы кезде соғыс басталып, Хиуаз майданға медбике болып баруға сұранды. Атақты ұшқыш Мариана Роскованың авиация тарихындағы тұңғыш рет қыз-келіншектерден авиациялық құрып жатқандығын естіп, соған асығады. Хиуаз осы полктің жауынгерлік құрамна қабылданып, Саратовтағы әскери әуе училищесіне жіберіледі. Сөйтіп, 1942 жылдың 27 мамырынан бастап, Оңтүстік майдандағы шайқасты. Хиуаз апанын соғыста алған ең алғашқы марапаты «Қызыл Жұлдыз» ордені. Бұл орден Кавказ майданындағы 218-ші бомбылаушы әуе дивизиясына қарасты 288-ші түнгі жеңіл бомбылаушы әуе полкі құрамында жүріп алған «У-2» ұшағының штурманы, сержант Хиуаз Доспанова 1942 жылдың

9 шілдесі мен 27 қыркүйегі аралығында 102 түнгі әуе шайқасына қатысып, техникамен жаудың түгін қалдырмайтындай 15902 келдірей түрлі бомбаларды тастаған. Атап айтқанда: Кизляр, Нижний Круп, Павловолийск, Терский, Малгабек, Хумидия, Моздак, Белореченск, Дигора

нысандарын жойған. Осы ерлігі үшін штурман, кіші лейтенант Х.Доспанова 1944 жылдың 22 ақпанында «Қызыл ту» орденіне ұсынылған. Алайда, Хиуаз «Қызыл ту» емес II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. Осы жылдың 23 қыркүйегінде гвардия лейтенанты

өз өтініші бойынша 1942 жылдың жазында аттанады. Алдымен Саратовтағы Волск авиациялық училищесінде төрт ай оқыды. Мұнда Демелі бомбылаушы ұшақтарды қару-жарақтармен жабдықтайтын механик мамандығын меңгеріп және ағуды үйренген. 1942

кеева «ИЛ-2» ұшағын жарақтандырып жатқан кезде, төбеден жаудың әскери бомбылаушы ұшақтары төніп келіп, аэродромды атқылаған. Сол кезде ол қолдан ауыр жарақат алып, бір саусағынан айырылған. Госпитальда жатып шыққаннан кейін, Солтүстік Кавказ майданында 188-ші бомбылаушы әуе дивизиясындағы 367-ші әуе полкіне ауыстырылды. 1944 жылдың соңына қарай Демелі осы полктің «ПО-2» бомбылаушы ұшағының атқышы болып, шайқасқа қатысқан. Ол кезде полк екінің Балтық майданында шайқасып жатқан болатын. Демелі Жакеева жаңа полк құрамында: Шауляй, Каунас қалалары жаудан азат етуге қатысқан. 1945 жылдың басында Польшаны азат еткен әскери бөлімдермен бірге Германия астанасы Берлинге жеткен. Сөйтіп жеңіс күнін Берлинде қарсы алған. Демелі Жакеева «Сталинградты азат еткен үшін», «За боевые заслуги», «Бірінші дәрежелі ҰОС ордендерімен» марапатталған. Хиуаз, Демелі апалар бір-бірімен жиі араласып тұрған.

Өмірі ұшақпен байланысты болған тағы бір қазақ қызы Мәдина Ысқақова. Ол 1924 жылы Көкшетау облысы, Сандықтау ауданында туған. 1942 жылы 17 жасында өз еркімен соғысқа аттанады. Кемерова қаласындағы әуе байланысы мектебін бітіреді. Арманы ұшқыш болу еді. Алайда арманы орындалмай ұшақ механигі мамандығын алады. 240-шы жойғыш авиация полкіне қабылданып, үш мәрте кеңестер одағының батыры, атақты ұшқышы Иван Кожелубтың жеке механигі болды. 1944 жылдың жазында полк 178-ші гвардиялық жойғыш авиация полкі болып қайта жасқалды. Мәдина соғыс біткенше осы полк құрамында шайқасды. Кожелубтың ұшағын ұрысқа дайындайды. Будапешт, София, Вена, Курск, Орел, Белгород қалаларын жаудан азат етуге қатысқан. Иван Кожелуб 330 рет әскери әуе шайқасына қатысып, жаудың 62 ұшағын жоғаны үшін үш мәрте кеңестер одағының батыры атағына ие болды. Осы ерлікке Мәдинаның да үлесі бар екені анық. Мәдина өзі де Кожелубпен бірге бірнеше рет әуеге көтеріліп, жау ұшақтарын жоюға қатысқан. Алайда, оның ерлігін бағалайтын ешкім болмаған. Соғыстағы өжеттігі үшін «Ерлігі үшін» медалімен, «Күрмет белгісі» орденімен марапатталған. Мәдинаның ерлігінің ескерусіз қалуы, оның

түтқында болуына байланысты секілді. Мәдина жеңісті Прагада қарсы алған. Мәскеуге өткен жеңіс шеруіне қатысқан. Елге оралғаннан кейін Айнартау ауданының шаруашылығында сауыншы болып еңбек еткен. Мәдинаның ерлігі туралы ел кейінінен білген. 1985 жылдың мамырында Жеңістің 40 жылдық мерекесі қарсаңында үкімет «Екінші дәрежелі ҰОС орденімен» марапаттаған. Сол жылы Мәдина Ысқақова дүниеден өткен.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы ұшқыш қыздарымыздың бірі Қамқа Үмбеталина болатын. Ол 1923 жылы Орал облысының Тайпақ ауданында дүниеге келген. 1942 жылы Атыраудағы орта мектепті бітіріп, бірінші Украина майданының шайқастарына қатысқан. Әскердегі қызметін Воронеждегі әуе қоймасын күзетуден бастаған. Қамқа шайқастарға қатысып жүріп Орынбор, Чкалов, Челябинск, Омбыдағы ұшқыштар дайындайтын курстарды тәмамдаған. Артында Германияның одақтасы Жапонияға қарсы соғысып жатқан бірінші шығыс майданына ауыстырылды. Сондағы 9-шы әуе армиясының 583-ші әскери әуе полкінің бомбылаушы ұшақтарын бомбалаумен жарақтандырушы болған. Бірнеше рет әскери әуе шайқасына қатысқан. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», «Екінші дәрежелі ҰОС ордендерімен», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Қамқа атай жеңіс күнін сол бірінші шығыс майданында қарсы алған. Соғыс аяқталғаннан кейін де әскер қатарында болып, 1945 жылдың қарашасында елге оралған. Ол Қазақ Мұнай мекемесінде инженер болып еңбек етіп, кеңестердің инженер ашуға өз үлесін қосады. Міне, елін жаудан қорғауда, ерлермен қатар қазақ қыздарының әуе авиация қаласындағы ерліктері осындай. Кезінде сазақ қыздарының ерлігін бағалауымыз өкінішті. Рухани жаңғыру бағдарларымыз байланысты Отан үшін от кешкен қазақтың ұшқыш батыр қыздарының есімдерін жаңғыртып, лайықты бағасын беру, жастарды – патриотизмге тәрбиелеуде үлкен қажеттілік деп білеміз.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Республикасының
Журналистер одағының мүшесі.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰШҚЫШ ҚЫЗДАРЫ



пункттерін бомбалаған. Бірнеше жау нысандарын жойып, өртеп ораған. Осы ерліктері үшін сержант Доспановаға 1942 жылдың 26 желтоқсанында «Қызыл Жұлдыз» ордені берілді. Бұдан кейін Х.Доспанова 132-ші бомбылаушы әуе дивизиясы құрамындағы 46-шы Томаган түнгі бомбылаушы әуе полкіне аусанды. 1942 жылдың 20 мамырынан бастап 272 рет түнгі әскери әуе шайқасына қатысып, 32100 келдірей түрлі калибрлі бомба тастады. Атап айтқанда: Мелеховская, Гостогальская, Ахтинизавская, Пересыль, Аджим-Ушқай мекендеріндегі жау

жылдың тамызында Сталинград майданындағы 944-ші авиациялық полкке қабылданды. Демелі осындағы бірінші эскадрильяның 2-ші тобының әскери жарақтандыру шебері қызметін атқарды. Д.Жакеева 1942 жылдың тамызы мен 1944 жылдың қаңтар аралығында Солтүстік Кавказ майданында соғысты, 1944 жылдың тамызынан бастап, Балтық жағалауы Ленинград және Бірінші Беларусь майданында болып, 360 әскери ұшақты, оның ішінде: «ИЛ-2» ұшағы – 275, «ПЕ-2» ұшағын 85 рет көкке көтерген. 1943 жылдың 16 тамызында сержант Жа-

жылдың тамызында Сталинград майданындағы 944-ші авиациялық полкке қабылданды. Демелі осындағы бірінші эскадрильяның 2-ші тобының әскери жарақтандыру шебері қызметін атқарды. Д.Жакеева 1942 жылдың тамызы мен 1944 жылдың қаңтар аралығында Солтүстік Кавказ майданында соғысты, 1944 жылдың тамызынан бастап, Балтық жағалауы Ленинград және Бірінші Беларусь майданында болып, 360 әскери ұшақты, оның ішінде: «ИЛ-2» ұшағы – 275, «ПЕ-2» ұшағын 85 рет көкке көтерген. 1943 жылдың 16 тамызында сержант Жа-

ГІБРАТ I

Әбіраштың әлемі



ТАЛАНТТЫ АҚЫННЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Қазақта кіндігінің қаны тамған деген ұғым бар. Адам анасының құрсағынан Жеранаға келгенде, осы екі ұлы ұғымды жалғастыратын сәбидің кіндігі кесіліп, қаны жерге тамады. Сол қан өмірге пәк болып келетін нәрестенің қос анаға арнайтын адалдығының анты сияқты. Сондықтан да кіндігінің қаны тамған жерден ыстық ештеңе жоқ-ау, сірә! Содан да болар ақын Әбіраш Жәмішевтің (1928-1995 жж.) қай шығармасын алсаңыз да, шабытының туған жеріне, топырағына соқпай кететінін табу қиын. «Айналайын, ақ топырақ» атты өлеңінде:

Елдік, ерлік, еңбек, зейнет мекені-
О, Сыр-ана, өзіңе не жетеді!
Кешіре көр, мынау менің жырларым,
Бола алмаса ақ сүтіннің өлеуі, – деп тебіреніпті ақын.

Ақындықты ерте бастаған Әбіраш ағаның алғашқы «Жеңісше шаттанам» деген өлең-толғауы «Ленин жолы» газетінің 1945 жылғы 3 маусымдағы санында жарияланды. Ол кезде ақын Әбіраш Қызылорда педагогикалық училищесінің 2-курс студенті, 17 жаста екен. Ұлы Жеңіске арнаған бұл толғау:

– Зор майданның жеңісін,
Бүкіл дүние тойлады,
Мен де ортақ бұл тойға,
Еліммен бірге мақтанам.
Жыр бұлағын ақтарам,
Қуаныш бөлеп жүректі.
Жеңісше шаттанам, – деген жас ақынның ақ тілегімен аяқталады.

Жастайынан әлемдік құбылыстарға жігіт қарап, оған өзінің терең ой-толғаныстарын қосып жүретін, биыл туған ауданымен құрдас 90 жасқа толағын Әбіраш ақынның талантының бастауы қайда жатыр?

Қазіргі «Шіркейлі» ауылының тұмасы Ә.Жәмішев – Қажы Мәдіқожа Диуанадан тарайтын Тапал ахун (Нұрмұхаммед) Қадірұлының (1848-1921 жж.) немересі. Білімге құштар Тапал ахун тек діни шығармалар ғана емес, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан, Абайлардың шығармаларын оқып, жатқа айтып, балаларына үлгі-есіет етіп отырған. Әл Фарабиді төңдесі жоқ ғұлама деп бағаласа, Фирдоуси, Физули, Сайхалилердің шығармаларын жастайынан жаттап өсіпті. Ол діндар, ғұлама ағартушысы ғана емес, қазақтың бірлігін, тұтастығын ойлаған, соған ат салысқан қоғам қайраткері.

Ә.Жәмішевтің арғы атасы Таспақожа Көшекұлы да ақын болған. Бір жақтан шаршап келе жатқан Таспақожа құдық басында атын суарайтын деп астауға су құйса, аты үркіп суды ішепті. Ашуға мінген Таспа атын қамшымен тартып-тартып жіберген екен. Артында тұрған ақын Ұлбике Жанкелдіқызын (1825-1849 жж.) байқамаған. Сонда:

Інісі Күдерінің Таспақожа,

Атыңды неге ұрасың басқа қожа?
Ретсіз қамшыңды жұмсай берсең,
Боларсың нағыз кедей қасқа қожа, – деген екен. Осыдан Ұлбике мен Таспақожаның айтысы басталады. Бірақ бұл айтыстың толық мәтіні бізге жетпеген. Өзімен тіресеу, сайысуға лайықты сөзі де, ойы да мағыналы Таспа ақынмен айтысу Ұлбикенің өнерінің өресін кеңейтіп, ажарын аша түссе керек.

Көптеген діни, заманауи ғалымдар, ақын-жазушылар, Кеңес Одағының батыры, Еңбек Ерлері шыққан «Шіркейлі» ауылы – менің де кіндік қаным тамған қасиетті жер. Тек аудан, облысқа ғана емес, қазір республикаға танымал әншілер: Назерке Нұрадинова, Гүлфира Алиханова, актер Мағауия Қозбағаров, т.б. көптеген танымал тұлғалар осы ауылдан шыққандар.

Ә.Жәмішев – лирик ақын, оның жүрек тебіренетер, көңіл күйді қозғайтын өлеңдері баршылық. 1948 жылы 18 жасында өмірден озған інісі Әбілге арнаған өлеңін зарығып, торығудан, қайғыға құса болудан гөрі жігерін қайрай түсетін мына жолдармен аяқтапты:

Дүлей тағдыр, тізгініңе көнбеймін!
Қыңыр тартсан, тезге салып жөндөймін!
Бұл өмірден еніш алмақ болып екі есе,
Інім үшін өзім үшін терлеймін.

1949 жылы жазған «Бала болып кетемін» атты өлеңінде туған ауылына деген сағынышын, балалық базарында өткен қызық кездерін:

Қандай рахат, шіркін-ай, далам бүгін,
Күлім қағып жабықтан қарады күн.
Туған үйде тұр екен мені күтіп,
Тулып қойған қоштаспай балалығым, – деп өрнектепті. Осы бір сезімге толы шумақтар кез келген оқырманға балалық шақтарына жетелейтіндей әсер беретіні шындық.

Туысы, құрдасы, жерлесі, әріптесі – Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановпен ақын Әбіраш Жәмішев кезінде тылда талмай еңбек еткендер. Ол жайлы:

– Анамның еріп соғына,
Ұстадым орақ қолыма,
Қиыны арық қазуға,
Атқара бердім оны да, – деп толғайды ақын.

Ұлдарын соғысқа аттандырған, олардың аман оралуын зарыға күткен қарттармен, аналармен, қызықтары басылмай жатып жесір қалған жеңгелерімен жеңіс үшін жастай еңбекке араласқан ақын Әбіраштың шығармашылығында соғыс тақырыбы ерекше орын алады. Туған ағалары Ахметжан мен Сабырдан айырылған ақын:

Айта алам: «Қазір ауыл байыпты деп,
Тұрмысы қалаға да лайықты, – деп,
Ал бірақ айта алам ба, – соғыс салған
Жандағы жарақаттан айықты» – деп жыр-

лайды.

Еңбекпен есейген Әбіраш аға шығармашылығында еңбек адамдарының есімдері ерекше аталады. Санаулы күнде 90 жылдығын тойлағалы отырған Сырдария ауданында өмір сүріп жатқан ақынның туған ағаларына арнаған жылдар басқарып, халықты толғап табыстарға жетелеген еңбек және соғыс ардагері Еламан Жүнісбаев (1922-2006 жж.) жайлы:

Кешегі жойқын жорық жылдарында,
Жасқанып жаудан жүзін бұрмадың да.
Күн-түн оқ пен отты кешіп жүріп,
Бетпе-бет сұм ажалмен тұрмадың ба?! – дей келе, оның облыс, аудан экономикасы мен әлеуметтік дамуына қосқан мол үлесін өлең жолдарымен өрнектеп, нарық жағдайында көп ретте жетіспей жататын ұрпақтар сабақтастығына мензейтін төмендегідей оралымды оймен:

– Көп-ақ қой толғантқан ой мүлде тегі,
Дей алман: бәрине оның тіл жетеді.
Қашанда өзіңіздей жақсы ағалар,
Жақсы іні болуды да үйретеді, – деп тәмамдайды.

Әбіраш ағаның туған ауылы «Шіркейлі» бірнеше жыл басқарған еңбек және соғыс ардагері Жаңабай Азаматовтың (1913-1996 жж.), Бесөзек ауылдық кеңесін ұзақ жылдар басқарған Жақып Ыдырысовтың (1908-1980 жж.) ерен еңбектері де ақын шығармашылығынан тыс қалмапты.

Ақын Әбіраш Әл Фараби атындағы Ұлттық университеттің (бұрынғы С.М.Киров атындағы) журналистика факультетін (1956 ж.) бітірген. Шығармашылық ортаға студент кезінен бастап-ақ араласқан ол «Социалистік Қазақстан» (Егемен Қазақстан), «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» журналы, «Заман Қазақстан», «Түркістан» газеттерінде жемісті еңбек еткен. Бірнеше өлең жинақтары, репортаждары жарық көріп, көптеген әндерге мәтін жазған лирик ақын әрі аудармашы. Кезінде республикалық деңгейдегі марапаттардың иегері атанды. Бүгінде ауылы «Шіркейлідегі» іргелі мектеп Әбіраш Жәмішевтің есімімен (1996 ж.) аталады. Мектеп ұжымы (директоры Жанболат Назаров) аудан бойынша көптеген көрсеткіштерден алдыңғы санатта келеді. Өткен жылдан бастап мектеп оқушылары ҰБТ көрсеткішінен аудандағы 17 мектептің алдында тұр. Аудан әкімдігі жариялаған 32 ұсынымнан тұратын «Үздік білім Ордасы» атты байқауды жеңіп алды. Бұл жетістіктер мектеп ұстаздары мен оқушыларының өздері есімін паш ететін ақын Әбіраш Жәмішевтің 90 жылдығына арнаған тартуы болса керек.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ,
ҚМУ-дің профессоры.



бір рет аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған. Сүрінгенге сүйеу, жығылғанға тіреу болды. Тәуелсіз елінің перзенті ретінде оның өсіп-өркендеуіне министрліктер үлесін қосып, өзі тәрбиелеген шәкірттерінің қоғамнан орнын табуына еңбек сіңірді. Бүгінде Қаршекен ағамыздан тәлім алған шәкірттер еліміздің әр аймағында абыройлы еңбек етуде.

Елбасының Алғыс хаты, Құрмет грамоталары, «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» атағы, «Қармақшы ауданының Құрметті азаматы» және осы секілді өзге де марапаттар – атпал азаматқа туған халқының көрсеткен құрметі.

Өмірлік жары Күләш Нұрқасымқызымен 5 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Ұлдары Фалимжан, Ахметжан және Әділет заң саласында қызмет етіп жүрсе, қызы Гүлназ ұстаз, ал Данасы дәрігер. Бәрі де ауданнан өз орындарын тауып, тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуіне азаматтық үлесін қосуда.

Шаттықты шаңырақта бүгіндері 18 немере сүйіп, олардың қызыққа толы өміріне көз болып отырған ата-ана бақыты ұзағынан болсын деп тілек қосқанымыз келеді.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.
Қармақшы ауданы.

QURMET I

Біздің бүгінгі әңгімеміз төс бен балғаны қару еткен, нәзік қолдарымен ыстық жерде көрік басқан ұста жайлы емес, Сыр өңірінде қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы токарь қыз туралы өрбімек. Ол Қызылорда локомотив депосында қырық жыл үзіліссіз токарь станогының құлағында ойнаған, табысты да үлгілі еңбек еткен Үмітқұл Қамбарқызы еді. Жетпіс деген жастың жетегіне жетіп қалған, өз ұрпақтарының алдында салмақты да салмақты көрінетін осынау байсалды да байшпты жанның жетпіс мерзіміне толы жанарынан оның өмірге деген құштарлығын оқуға болады...

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Сыр бойында жекелеген майда шаруашылықтарды біріктіріп, ірілендіру жұмыстары қарқынды жүргізілді. Солардың қатарында сол кездегі Сырдария ауданына қарасты «КИМ», «Құмсуат», «Бірлестік» секілді шағын шаруашылықтар бірігіп, «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы колхоз болып ұйымдасты. Бұрынғы «КИМ» колхозында қой фермасы, орталықта, яғни «Бірлестікте» ірі қара, жылқы, түйе түліктері өсірілетін болды.

Бәтима Сағымбайқызына өз шешімін жеткізді, қайда жұмыс істеуге болатыны жөнінде кеңес сұрады. Ертеңне Бәтима әпкесі мұны Қызылорда локомотив депосының кадр бөлімінің бастығы Ахмет Қабилбековке апарды. Өтініші өкпіндірен жоқ, бөлім бастығы Үмітқұл токарь станогына үйренуші ретінде қабылдауға шешім етті. Ертеннен бастап жұмысқа кірісуге кеңес берді. Сөйтіп Үмітқұл механикалық цехқа апарып, цех бастығы М.Мелиховқа екі ай мерзімге үйренушілікке қабылданғанын



ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ТОКАРЬ БОЛҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Жаңадан ұйымдастырылған ірі қара фермасына тәжірибелі бақташылар мен сауыншылар қажет еді. Олар бұрынғы шағын елді мекендерден шақырыла бастады. Солардың алдыңғы қатарында «Майлытоғай» ауылының байырғы тұрғындары, жастайынан еңбекпен шыңдалған Қамбар Найзабайұлы мен жайыбы Шәрипа Дүрімбетқызы да бар еді. Қамбар бақташы, Шәрипа сауыншы болып, алғашқы күннен-ақ білек сыбана кірісіп кетті. Мемлекет меншігін көздің қарашындай сақтауға атсалысты. Мал басын аман сақтаудағы, оны семіртудегі тынымсыз еңбектері бақылаушы тарапынан бағаланып, түрлі марапаттарды иелене бастады. Оның үстіне Қамбар әкей ірі денелі, жауырыны жер іскемеген палуан еді. Ауыл арасында өтетін той-томалақта күресіп, үнемі жүделі орындарды жеңіп алатын. Жұмыс десе жанын салып, беріле істейтін. Кезінде Сұлутөбе каналын қолмен қазуға қатысып, онда да озаттар сапынан табылған-ды.

Өткен ғасырдың елуінші жылы осы отбасының ұмытылмас кезеңі ретінде естерінде қалды. Бұл жылдың сәуірінде отанасы Шәрипа көптеп күткен үшінші перзентін өмірге әкеліп, оған Үмітқұл есімін берді. Оның алдындағы ес біліп қалған Күміскұл мен Аманжолдың да қуанышында шек болмады. Сөйтіп күн артынан өткен күн, жымын билдірмей жылжыған жылдар Үмітқұлді мектеп табалдырығынан аттатты. Кішкентайынан пысық, зерек қыз қатарластарының алдыңғы легінде жүрді. Бәрі де жақсы болып келе жатыр еді. Өткен тағдырдың жазуы дегенді қойсаңыз, Үмітқұл енді желкілеп аласыз өсіп келе жатқан шағында анасынан көз жазып қалды. Қазір ойлап қараса, анасы сол кезде бар-жоғы 40 жаста ғана екен. Бұл күтпеген оқиға отбасы, әсіресе отбасы Қамбарды есеңгіретіп тастады. Үйді тұлшшағы желбіреген жас-өспірім қыз бен қайғы жұтқан әкесі қалды. «Басқа түссе баспақшы!» деген ғой. Қамбар қызының, қызы әкесінің жағдайын жасауға ұмтылды. Әрине, оған кейде кү тіршілік мойын бұрғыза бермесі анық. Әсіресе, кішкентай Үмітқұлге қын болды. Өз әлініне анасының қасында жүріп, үйренген үй тірліктерін атқаруға тырысты. Әкесінің үстін кірлетпейте, аш қалдырмауға ұмтылды. «Әке балаға сыншы» демекші, Қамбар қызының сабағы төмендеп, көңіл-күйінің түйықталып бара жатқанына алаңдап, әпкесі Күміскұлдің қолына жіберуге шешім қабылдады.

Сөйтіп Шмелде тұратын Күміскұлдің үйінде жатып, онжылдықтай ойдағыдай тәмамдады. Енді не істеуі керек? Үмітқұлдің алдында екі жол жатты. Оның бірі оқуын одан әрі жалғастыру, екіншісі жалғыз қалған әкесінің қасында болып, жұмыс істеу. Оқуды сырттай жалғастыруға да болады емес пе? Ақыры өз ойын апасы Күміскұлге жеткізді.

– Меніңше, жұмыс істегенің дұрыс. Біріншіден, өмір көресің, ысыласың, екіншіден, ата-анамыздың қара шаңырағын биік ұстауға атсалысың, – деді ол. – Аманжол да көп кешікпей әскерден қайтады, үй болуға ұмтылар. Сонда сенің жолың ашылатыны сөзсіз.

Жылжыған жылдармен бірге Үмітқұлдің де ұжымдағы абырой-беделі өсіп, өзі де әркез ысылған тәжірибелі шеберлердің қатарынан табыла біді. Дөп бастылығы озат жұмысшыны мерекелер сайын түрлі сый-сияпаттармен марапаттауды ұмытқан жоқ. Үмітқұл Қамбарқызының есімі озаттар сапында облыстық баспасөз беттерінде жиі жарияланатын болды. 1970 жыл Үмітқұлдің өміріне өзіндік жаңалығымен келген жыл болды. Өзімен сөзі жарасқан көрші жігіт Дербес Тұрғановпен отбасын құрып, жаңа өмірге қадам басты. Еңбектен қол үзбей жүріп, алтын асықтай 5 ұл мен қызды өмірге әкелді. Ол өзінің бала күтімінде көп отырмағанын тиек етеді. Балалары бірін бірі бақты. Оның үстіне өмірлік серігі Дербес те бала күтіміне, отбасы тірлігіне жарымен бірдей араласып, жақсы ғұмыр кешіп кетулеріне көп септігін тигізді. Тәрбиелі отбасының балалары да үлгілі ержетті. Көбінесе үлкендері кішкентайларына қамқор болып, аналарының сүйікті кәсібін қол үзбеуіне мүмкіндік жасады. Балалары ержетіп, түрлі оқу орындарын бітірді. Өздеріне лайықты мандандық иелері болды. Қазір әрқайсысы бір-бір шаңырақ иесі атанып, ұрпақ тәрбиелеуде.

Қырық жыл бойы Қызылорда локомотив депосында өткен еңбек жолын, ондағы өзімен бірге еңбек еткен ұжымдастарын сағыныспен еске алуды әдетке айналдырған. Өйткені, олар Үмітқұлді адал еңбек етуге үйретті, адамдармен араласуға, сыйласуға, достасуға, ең бастысы, бойындағы ізгілік пен адамгершіліктің қалыптасуына, өзгелерге көмек қолын созуға дайын болуды үйретті. Үмітқұл осы үшін сонау жылдардағы дөпота еңбек еткен қарапайым жұмысшыларға өзін қарыздар санайды. Қазір бірге жұмыс істеген жандар әркез мерекелерде ізгі тілектерін жолдап жатады. Осының өзі қуаныш. Бейнеттің зейнетін көру деген осы болар, сірә!

Расул СЕРИКОВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.
Қызылорда қаласы.

ӨНЕГЕ I

ПАРАСАТ ИЕСІ

«Халық қашанда өзінің ақиық азаматтарымен құдіретті. Сол ақиық деген ұғымның ішіне кешегі, бүгінгі және ертеңгі атпал жандардың бәрі кіреді» деп айтылғандай, ел қамы үшін ұзақ жылдарғы еселі еңбегінің жемісін көріп, туған халқының құрметтісі атанғандардың бірі – Қаршыға Есдәулетов.

Қаршыға Есдәулетұлының балалық шағы өткен ғасырдың қыркыншы жылдарының соңы мен елуінші жылдардың ортасы, яғни неміс фашистерімен өткізген сұрапыл соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқан кезеңмен тұтас болды. Талай дарын иелері өсіп-өнген киелі Ақжардың құмына аун, шағын жұтып өскен ауыл баласы есе келе №28 орта мектептен тәлім алып шыққаннан соң, жүрек қалауымен Алматы қаласындағы құрылыс техникумын, содан кейін Жамбыл қаласындағы гидромелиоративтік құрылыс институтын тәмамдады. Туған елге оралып, өзінің алғашқы еңбек жолын облыстық «Қызылордасельстрой-16» мекемесіне қарасты «ПМК-1602» мекемесіне шебер болып орналасты.

Осы жылдар аралығында білікті басшының іскерлігімен ауданда құрылыс саласы жақсы жетістіктерге жетті. Туған жерінің өсіп-өркендеуіне аянбай тер төгудің арқасында көптеген білім және тәрбие беру мекемелері, көпқабатты тұрғын үйлер мен аудандық орталық аурухана, прокуратура, салық басқармасы, қазіргі кәсіпкерлік және аудандық ішкі істер бөлімі, қазынашылық, жастар орталығы орналасқан ғимараттар, сонымен қатар Шәмшат Төлепова атындағы аудандық және Дүр Оңғар, Ақтөбе ауылдарындағы мәдениет үйлері мен бірнеше елді мекендегі мал бордақылау алаңдары және басқа да маңызды нысандар ел игілігін берілді. Қаршыға Есдәулетұлы еліміздің жаңаша өрлеу кезеңінде заман ағымына ілесіп, бұрынғы «ПМК-1602» мекемесі ізімен «Арғымақ» өндірістік кооперативін құрып, төрағалық тізгінді ұстағаннан кейін тәуелсіз еліміздің жаңа бағыттағы саясатын жүзеге асыруда азаматтық үлесін қосуға бар күш-жігерін жұмсады. Сала майталманы бай тәжірибесін жас мамандармен бөлісуде тынбай еңбек етті. Ауданда кәсіпкерліктің өркендеуіне атсалысып «Қармақшы құрылыс» ЖШС-н құрып, құрылыс саласының серпін алуына үлес қосты. Ал, 2007 жылдан құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін «Октябрь топтық су құбыры» бөлімшесінің басшысы болды. Мекеме аудан тұрғындарын таза ауызсумен қамтамасыз етуде мерей биігінен көрінді.

Ел қадірлісі атанған азамат құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін де аудандағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Сондай тындырымды істердің нәтижесінде ол аға буынның қолдауымен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалығына сайланды. Міне, бүгінде аудан ардагерлері сеніп тапсырған жауапты қызметте өзінің сан жылдарғы өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, өңір әлеуетінің дамуына үлесін қосуда.

– Мен бақыттымын. Сол бақытымды туған еліме сіңірген еңбегімнің арқасында таптым, – дейді Қаршыға Есдәулетұлы. Бүгінгі кеңес төрағасы кезінде төрт рет аудандық кеңестің,

«Еңбек – береке бастауы» дегендей, жас та болса бас болып, еңбек майданында замандастарына үлгі көрсеткен ол көп ұзамай өзі еңбек еткен құрылыс мекемесінің бөлімше бастығы, бас экономист, өндірістік жоспарлау бөлімінің бастығы, бас инженер лауазымына көтерілді.

Көп ұзамай аталған мекеменің басшылығына тағайындалады. Бұл қызметті 1997 жылға дейін, яғни 17 жыл бойы абыроймен атқарды.

АҰДАНАДАН АҚПАРАТ

ЖАҢАҚОРҒАН

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛДЫ

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жобасы аясында биылғы жылы Жаңақорған және Шалқия кенттерінде жабық спорт алаңы салынады.



Тамыз айында Жаңақорған кентіндегі №56, Аққорған ауылдық округіндегі №256 мектептер пайдалануға берілетін болады. Сондай-ақ, кент орталығынан тағы 2 орта мектептің ғимаратын салу жоспарлануда. Қыркүйек айында Қо-жамберді ауылында медициналық бекет, Жа-нарық ауылында әкімдік ғимараты беріледі.

ШИЕЛІ

ӨНІМ РЕСЕЙГЕ ЭКСПОРТТАЛУДА

Ауданда 11 жылғықаржы жасайды. Өткен жылы осы жылы-жайларда 360 тонна қызыл, қияр өнімдерімен бірге, 6 тонна сарымсақ өндіріліп, 26 азамат жұмыспен қамтылған болатын.



Биыл Шиелі ауданының шығыс жақ беткейінен 20 жылғықаржы салы-нуда. Ресей мамандарымен бірге жүзеге асырылып жатқан жобаны үстіміздегі жылдың қараша айында аяқтау жоспарланған. Бұл ауданның бақша және көкөніс өнімдері елі-міздің батыс аймақтары мен Ресей-ге экспортталуда.

СЫРДАРИЯ

ӘН-ЖЫРЫМ САҒАН, ТУҒАН ЖЕР

Ауданның 90 жылдығына тарту ретінде аудандық мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындары Тереңөзек кентінде концерттік бағдарламалар ұйымдастыруда. «Ән-жырым саған, туған жер» тақырыбындағы концерттік бағдарламаларды 10 шілде мен 4 тамыз аралығында орталық алаңда өткізілмек.



Алғашқы концертті Тереңөзек кен-тінің мәдениет үйі өткізсе, аудандағы басқа да өнер ұжымдары игі бастаманы жалғастыруда.

ЖАЛАҒАШ

АҚСУДАҒЫ АҚЦИЯ

Аудандағы Ақсу ауылында «Денсаулық жолы – 2018» денсаулық акци-ясы өтті. Онда ауыл тұрғындары білікті дәрігерлердің кеңесін тыңдады.

Ауылға білікті дәрігерлер келеді дегенді естіген ақсулықтар таң атысымен жергілікті медициналық бөлімшеге жиылды. Облыс, аудан орталығынан келген кардиолог, онко-лог, педиатор, эндокринолог, СӨСҚ сияқты басқа да мамандар медициналық аппараттар мен заманауи қондырғыларды өздерімен бірге ала келіпті. Бұл құрылғылардың көмегіне жүтінген тұрғындар диагностикалық тексерілуіне қол жеткізді.

ҚАРМАҚШЫ

«МУЗА» ТРИОСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КОНЦЕРТІ

Аудандағы Ш.Төлепова атындағы мәдениет үйінде «Муза» триосының құрылғанына 5 жыл толуына орай шығармашылық концерті өтті.



«Муза» триосы әрдайым өңірдегі мәдени көпшілік шараларға белсенді араласып, төл мәне-ниетімізді насихаттауда ән әлеміндегі өнерлерімен талайды таңдандырып келеді. Топтың реперту-ары үнемі жаңа әндермен толықтырылып, түрлі жанрдағы әндер тыңдарман назарына ұсынылуда.

ҚАЗАЛЫ

«ШАҒАЛАҒА» БАРДЫ

Аудан әкімі М.Ергешбаев «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығына барып, ондағы тынығушылармен жүздесіп, жағдайымен танысты.

Бүгінде орталықта әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасынан шыққан 140 бала де-малуда. Мұнда балалардың уақытын көңілді өткізу үшін 13 үйірме жұмыс жасайды. «Ру-хани жаңғыру» бағдарламасы аясында көпшілік іс-шаралар, танымдық экскурсиялар, спорттық ойындардан жарыстар жиі өткізіледі.

АРАЛ

ШАЛҚАР ЖАСТАРЫ АРАЛ АУДАНЫНДА

Ақтөбе облысы Шалқар ауданының балалары мен жасөспірімдері Арал ауданында болды. Алдымен қаладағы орталық алаңда серуендеген жастар бірқатар ескерткіштер мен тарихи орындарды аралады. Содан кейін Аралдың тарихымен танысу мақсатында аудандық тарихи-өлкетану және «Балықшылар» мұражайында болды.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

КӨҢІЛДІ КҮНДІ СҮЙЕМІЗ



Жаңақорған ауданы Манап ауылындағы №160 мек-теп жанынан ұйымдастырылған «Жас ұлан» күндізгі лагерьі жас өрендердің жазғы демалысын қызықты өткізуге көңіл бөліп келеді. Жақында мұнда «Демала-мыз күлеміз, Көңілді күнді сүйеміз» атты мерекелік шара өтті.

Шара барысында мектеп директоры Жанәділ Ибрагимов өз тілектерін білдірді. Лагерь өрендері өз өнерлерін көрсетті. Мек-теп оқушысы Мерей Өмірзақ «Көңілді күн» әнін шырқаса, Арафат Өмірзақ, Нұрасыл Шадман, Аршын Толқынбай және Ақжайық Абай, өзге де жеткіншектер ән мен күйден шашу шашты.

Тәлім-тәрбиелік мәні зор шарада жеткіншектерге қызықты мағлұматтар айтылды. Оқушылар да тақырыпқа байланысты өздерінің ойларын ортаға салды.

Рахима КАМАЛОВА, лагерь басшысы.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ШАРАЛАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін орны: Сырдария ауданы Өтетін күні: 10-11 тамыз 2018 жыл

Table with 3 columns: Уақыты, Шараның мазмұны, Өткізілетін орны. It lists various events for the 10th and 11th of August, including cultural performances, exhibitions, and sports events.

ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ АЙҚЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕРДІ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығы 76-тармағының 16-тармақшасына сәйкес, 7 жоба бойынша жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі конкурс нәтижелерін жариялады.

1. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 22 маусымындағы №22 хаттамасы негізінде «Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ахат+ГС» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

2. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 22 маусымындағы №24 хаттамасы негізінде «Жалағаш ауданы Таң ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ахат+ГС» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

3. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 22 маусымындағы №23 хаттамасы негізінде «Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ахат+ГС» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

4. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 27 маусымындағы №25 хаттамасы негізінде «Қызылорда қаласы Белкөл ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ахат+ГС» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

5. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 27 маусымындағы №26 хаттамасы негізінде «Қызылорда қаласы Қараөзек ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ахат+ГС» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

6. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 27 маусымындағы №27 хаттамасы негізінде «Жанақорған ауданы Өзгет ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ныш-Ер» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

7. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 27 маусымындағы №28 хаттамасы негізінде «Жанақорған ауданы Бірлік ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ныш-Ер» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

8. Жекешелік әріптестік айқындау жөніндегі Конкурсстық комиссияның шешіміне сәйкес, 2018 жылдың 27 маусымындағы №29 хаттамасы негізінде «Жанақорған ауданы Өзгет ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Ныш-Ер» ЖШС жекешелік әріптестік болып айқындалды.

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЕЛ ЖАДЫНДА САҚТАЛАДЫ



Қаржы саласы ауыр қазаға ұшырады. Қаржы саласының құрметті ардагері IV-V шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ыдырысов Құттықожа Ыдырысовтың 68 жасқа қараған шағында қайтыс сапарға аттанды.

Құттықожа Ыдырысов 1951 жылы 1 маусымда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Түтіскен кентінде дүниеге келген.

1969 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын бітіріп, еңбек жолын Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Түтіскен кентінде жұмысшы болып бастап, есепші, бас экономист,

1984-1985 жылдары ұжымшар бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған. Қаржы саласының білікті маманы 1986-1995 жылдары Қызылорда облыстық Қаржы басқармасының агроөнеркәсіпті кешенді қаржыландыру бөлімінің аға тексеру-инспекторы, бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары болып жемісті еңбек етті. 1995-2004 жылдары Қызылорда облыстық Қазынашылық басқарма бастығы, 2004-2008 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, 2008-2011 жылдары Қызылорда облыстық Қаржы басқармасының бастығы, 2011 жылдан бастап IV-V шақырылған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі, 2016 жылдан бүгінге дейін «Нұр Отан» партиясы аудиторлық басқармасының бастығы қызметін атқарды.

Құттықожа Ыдырысов «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Парламентіне 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен және «Қазақстан полициясына 15 жыл» белгісімен марапатталған.

Саналы өмірінің жарты ғасырдан астамын қаржы саласына арнап, абыройлы да айрықша жемісті қызмет еткен ұстаздың шәкірттері бүгінде ұстаз жолын берік ұстап, мемлекетіміздің түкпір-түкпірінде абыроймен қызмет атқаруда.

Құттықожа Ыдырысов «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Парламентіне 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен және «Қазақстан полициясына 15 жыл» белгісімен марапатталған.

Абал ағамыздың отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айта отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз! Асыл аға, Сіздің жарқын бейнеңіз шәкірттеріңіздің жүрегінде мәңгілікке ұмытылмақ емес!

Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаменті мен аудандық, қалалық қазынашылық басқармаларының ұжымы.

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басқарма басшыларының жеке заңды тұлғаларының өкілдерін ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Аты-жөні, Лауазымы, Қабылдау күні және уақыты, Мекен-жайы, Байланыс телефоны (ақын ала жазылу, ынықталмақ болса № 1005) және Сөнім телефоны.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әлеп көлексі талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде 8 /7242/ 70-03-78 «Сенім телефонына» жүгінуге болатындығын хабарлайды.

Электронды пошта: oblkasipkerlik@korda.gov.kz

БАЙҚАУ

ҚР Қорғаныс министрлігі екінші «Әскер-МЕДИА-2018» республикалық баспасөз фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) өткізуді жоспарлауда. Фестивальдің мақсаты ҚР Қарулы Күштеріне қоғамның назарын аудару, әскери қызметтің беделін насихаттау және арттыру болып табылады.

Фестивальға қатысуға орталық және өңірлік баспасөз және электрондық БАҚ-та ҚР ҚК-нің іс-қимылы туралы материалдар жариялап жүрген ҚР азаматтары, әскери қызметшілер, БАҚ өкілдері мен блогерлер шақырылады. Конкурсстың қорытындысы бойынша іріктеуден өткендер түрлі аталымдар бойынша марапатталады.

ҚР ҚМ «Әскер-МЕДИА-2018» республикалық баспасөз фестивалінің ережесімен және «Әскер-МЕДИА» имидждік бейнеролигімен төмендегі сілтеме бойынша ҚР ҚМ ресми сайты арқылы толықрақ таныса аласыздар:

https://www.mod.gov.kz/rus/asker_media_2018/asker_polozhenie/ және https://www.mod.gov.kz/rus/asker_media_2017/asker_video/

Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің баспасөз қызметі.

САТЫЛАДЫ

Өлшемі 3м*5м LED экраны сатылады. "Қызылорда" қонақүйі жанында. Хабарласу тел.: 8 777 224 3277.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 ж. №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Резероис» АҚ (17-43) «Күмкөл кенішінде мұнаймен ластанған топырақты комппосттандау аймағында майлы қалдықтардың су өткізбейтін қабылдағыштарын салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертудерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhornart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтамға алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.


Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің №204-п п.53 28.06.2007 ж. бұйрығымен бекітілген «Жоспар алды, жоспарланған, жоба алды және жобалау жұмыстарын өткізу кезіндегі жобаланған шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсер мөлшерін есептеу бойынша нұсқауына» сәйкес ТОО «Қызылқұм» «ЖШС «Қызылқұм» Автотасымалдау базасы. Күкірт қышқылы қоймасы. Ішкі аумақтық қышқыл құбыр желісі (Автоматизация БӨАЖА) жобасы бойынша жазбаша ұсыныстар мен ескертудер түрінде қоғамдық пікірді есепке алу жұмыстарын өткізеді.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертудер келесі мекен-жайы бойынша қабылданады: Қызылорда к., Өйтеке би к., 52 үй., және келесі e-mail: p.baimbetova@kyzyilkum.kazatomprom.kz.

Анықтамға телефон: +7 (724) 255-11-95.

КІРПШІ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабықталған М-125 маркалы кірпіш сатылады. Өлшемі 250x120x88 мм, 250x120x65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.




«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ұжымы институт директорының орынбасары Серікбаев Сәкен Қарбоzulына ағасы Ғабдол Қарбоzulының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОИҮРТКІ

Аялдама. Кезекті қоғамдық көлікті күтін тұрғанбыз. Орта жастағы келіншектің қасында үш баласы ойнап жүрген. Үлкені мектеп жасына жетіп қалған, екеуі 3-4 жас шамасында. Әлгі келіншек қолына телефонын алып, орындыққа отыра кетті.

Жүзінде күлкі. Әлеуметтік желі арқылы сөйлесін отырғаны байқалады. Балаларын ертіп жүргенін естен шығарса керек. Бір кезде кішкентайлар бір-бірін қуалай жолға жүргіріп шықты. Аялдамада тұрғандардың жан дауысы естілді. Жүйткіп келе жатқан жеңіл көлік шиқылдап, әрең тоқтады.

АНАНЫҢ КӨҢІЛІ ТЕЛЕФОНДА, БАЛАНЫҢ КӨҢІЛІ...



Бәріміз селк ете қалдық. Құдай сақтап, жүргізуші тежегішті басып үлгерді. Ол сыртқа шығып, баланың амандығына көз жеткізді. Анасы да баласының жанына жеткен болатын. Жүргізуші баланы назардан тыс қалдырмау керектігін айтты. Аялдамада тұрған егде жастағы кейуана да осы құрылғының кесірінен талай оқыс оқиғаның орын алып жатқанын, балаға қашанда зер салып отыру қажеттігін ескертті. Тіпті, келіні де телефонды ермегіне айналдырған, дастархан басында да қолынан түспейтінін айтты.

Бұрындары «ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сөзді жиі қолданатын едік. Алайда, бұл ұғым қазір өзгерген секілді. «Ананың көңілі телефонда, баланың көңілі...». Байқайсыз ба? Соңғы кездері баласын ұялы телефонмен алдайтын ата-аналар көбейді. Мұны күнделікті көріп те жүрміз. Мазасын алған баласына ұялы телефоннан түрлі ойындарды қосып, бере салады. Сосын бала отырады бір бұрышта телефонға шұқшынып. Міне, қазіргі баланың балалық шағы осылай өтуде. Асыр салып ойнап, суға шомылып, құмға қыздырынып өсетін бала аз. Өткенде бір ата-ана мақтанып отыр. «Балам еш бұзықтық жасамайды. Ұялы байланысты қолына берсең болғаны, тыныш отырады. Тіпті, тілін еркін меңгеріп алған.

Білмегенімді баламнан сұрап отырамын» дейді. Бірақ, астарын ұғынатын түрі жоқ. Ананы телефонның бала денсаулығы мен санасына бері әсер беретіні қызықтырмаса керек.

Расында, жоғарыда келтіріп кеткен кейуаның пікірі орынды. Қазір еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін телефонды жақсы меңгерген. Жақында нағашы әжемнің жағдайын білмек болып хабарласқан едім. Хал-жағдайын сұраған соң әжем ұрыса бастады. «Неге хабарсыз қалдың? Денсаулығымды сұрап тұрмайсың ба? Болмаса, «Немерелер» деген чатқа тіркеліп ал. Сендерге арнайы ашып қойдым» дейді. Еріксіз күліп жібердім. Әжем 70-тен асқан. Бірақ, әлі тың. Менің күлгенім «Не, бізді телефон ұстай алмайды дейсің бе? Жақында Ермек туған күніме смартфон әперді. Қазір бәрімен видеозвонкопен хабарласамын. Баяғыдан бері айтпадыңдар ма?» – деп қалжыңдап қояды.

Айтпағым, таяқтың екі ұшы сияқты кез келген заттың пайдалы, зиянды жақтары болады. Біз бұл ойымызбен ұялы телефонды қолданба демейміз. Қайта заман ағымынан қалма, көшке ілесе біл. Тек әлеуметтік желімен орынсыз әлек болмасаныз болғаны. Әйтпесе...

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

SERGEK I

ЖЕҢІМПАЗДАР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСАДЫ

Байқоңыр қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүлдесіне арналған VI облыстық халықтық спорт ойындары мәресіне жетті.

Астананың – 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай ұйымдастырылған доғаға келген командалар спорттың 12 түрі бойынша сынға түсті. Волейбол мен қол күресте жалағаштық спортшылар мықтылық танытса, гир тасын көтеруде сырдариялықтардан озған ешкім болған жоқ. Үстел теннисі, шахмат, стритбол, стрит воркаут, тоғызқұмалақ, дойбы, шағын футболдан Қызылорда қаласы мен Жаңақорған командасы жеңімпаздар сапынан көрінді. Стритбол мен волейболдан ерлер арасында ғарышты қаланың өкілдері алдыңғы орынға шықты. Қазақ күресінен қармақшылық балуандар басым болды.



республикалық халықтық спорт ойындарына қатысады, – деді ол.

Ойындардың бас төрешісі, облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасы бұқаралық спорт бөлімінің басшысы Ғалым Сиқымовтың айтуынша, жеңімпаздар республикалық ойындарда бағын сынамайтын болады.

Мыңнан аса адам қатысқан шарда жалпыкомандалық есеп бойынша Қызылорда қаласының спортшылары бірінші орынды иеленсе, екінші орын Жаңақорған ауданына бұйырды. Байқоңырлық спортшылар үшінші орынға тұрақтады.

Байқоңыр қаласының спорттық инфрақұрылымы осындай деңгейдегі жарыстарды өткізуге мүмкіндік береді. Облыс ойындарындағы жеңімпаздар қыркүйек айында Ақтау қаласында ҚР Президенті жүлдесі үшін өтетін


Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».



Оқиға I

Қақпаншы ТАҒЫ ДА ҚАСҚЫР ҰСТАДЫ

Газетіміздің өткен санында Жаңақорған ауданы, Қандоз ауылының тұрғыны Рүстем Кеңжасариевтің қақпан құрып, қасқырды тірідей ұстағанын хабарлаған болатынбыз. Міне, тағы да осыған ұқсас жаңалық, бұл жолы қақпаншы дария бойындағы қасқыр ізіне қақпан салып, тағы бір тұз тағысын қолға түсірді.



Өз тәжірибемнен білетінім, қасқыр бір орнында тұрмайды, үздіксіз жортады да жүреді. Әрине, жолай кездескен құрбандығын олжалай жүріп, қаскөйлігін жалғастырады. Жыртқыштың жортуылы кез келген жаққа шапқылау емес, үлкен шеңбер аралығында өтеді. Сол өзінің ойша сызған сызығы ішінде айналады, бір ізіне қайта түсу үшін бірер апта уақыт өтуі де мүмкін. Ал оның сырына қаныққан адам болжап, соңына түседі. Бұл жолы менің алғааруымша, қасқырлар тоғай арасына қарай ойысқан секілді көрінген. Қақпанды сол маңға жыртқыштың өтеді-ау деген жолына құрдым. Сәті түсті, қақпаным қанды болды, – дейді Рүстем. Қақпаншы өзінің 10-сыныпқа көшкен ұлы Бексұлтанға осы өнерге баулып жүр.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ,
Жаңақорған ауданы.

«ЖЕНЬШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ.

«Орман жануарларының патшасы – жолбарыс, теңіз жануарларының патшасы – айдаһар, ал орман өсімдіктерінің патшасы – женьшень».

Ежелгі Қытай даналығы.

«Женьшень – өмір қуаты» бальзамы – (Сәйкестік декларациясы ЕАЭС №RU D-RU. АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

Женьшенің тамыры адам денесінің пішініне ұқсайды. Анықтап қарасаңыз, тамырының жоғарғы жағы қарт адамның басын еске түсіреді. Ал одан әрі қарай тармақталған тамыр адамның денесіне, қолдарына және аяқтарына ұқсап-ақ тұр. Тіпті тамыр дәріні зерттеушілердің айтуына қарағанда, жоғарғы әжімді бөлікке мұқият зер сала қарасаңыз, адамның бет бейнесін, мұрын мен көзді, ауызды да анық аңғаруға болады.

Тамыр дәрінің (женьшенің) адам денесінің пішініне мұндай сиқырлы ұқсастығын жай кездейсоқтық, табиғаттың қалжыны ғана деп қарастыру дұрыс болмас еді. Себебі, осыдан 3000 жыл бұрын адамдар бұл өсімдікті өз денсаулықтарын нығайту үшін қолданып отырған. Шын мәнінде тамыр дәрі адам денесі пішініне жай сырттай ұқсап қана қоймай, сонымен қатар құрамы мен қасиеттері де ұқсас екендігі дәлелденген.

Қытай тілінен аударғанда женьшень сөзі «жөн» – адам, «шен» – тамыр деген мағынаны білдіреді. Аңыздарға сүйенсек, бұл қызыл жәншенің де адам сияқты өмірге келеді екен. Магдір суға найзағай түсіп, онымен жер астына барады да, ұрықтанғаннан кейін, сол жерге Құдай ерекше қасиет дарытқан керемет шөп өсіп шығады. Ежелгі адамдар бұл өсімдікті барлық ауруға ем болатын ең пайдалы шөп деп, тіпті өлген адамды тірілтетін қасиеті бар екеніне де сенген.

Бүгінгі таңда ардан қаншама ғасыр өтсе де, ғалымдар тамыр дәрінің аңыздарда айтылған сиқырлы қасиеттерін жоққа шығармайды, керісінше, женьшенің қолдану негізінде дайындалған препараттар шынында да адам өмірін ұзартып, алғашқы жасартуға жақсы әдетін дәлелдеп отыр. Олар физикалық және мидың шаршауын басып, еңбекке қабілеттілігін арттырып, жыныс мүшелерінің қызметін қалпына келтіріп, табетті жақсартып, қан қысымын реттеп, орталық жүйке жүйесін

тынықтыратын қасиетке ие. Осының бәрі шөп дәрі жасаушылардың ойлап тапқаны емес, ғылыммен дәлелденген факт.

Табиғат женьшенді мінсіз қылып жаратқан. Қазіргі заманауи техноло-ғалымдардың негізгі мақсаты женьшенің барлық пайдалы қасиеттерін сақтай отырып, дәрінің ең тиімді түрін жасап шығару. Сонымен қатар, құрамындағы барлық заттар бір-бірінің емдік қасиетін төмендетпей, бірлесіп, пайдалы қасиеттерін арттыру. Және дәрінің ең жақсы нұсқасы табиғаттың өзі бергені – «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцефтикалық топтамасы – бұл көне Сібір жасаушылардың рецепті бойынша, женьшень биомассасын нанокүрделі заманауи технологиясын қолданып отырған жерінен алынған табиғи өсімдік бальзамы.

Женьшенің жапырақтары мен тамырынан дайындалған мицеллярлы түрдегі жөгерісін қолданудың арқасында бұл фитонаноцефтикалық бальзам организмге жақсы еніп, белсенді мицеллярлық құрамы асқазан-ішек жолдарына тез сіңу қабілетіне ие. Жөгеріс белсенді компонентті «Женьшень – өмір қуаты» фитонаноцефтикалық топтамасы то-нусты көтеріп, алғашқы жағымсыз өсерлерге қарсы тұру қабілетін арттырып, қабыну процестерін жояды. Сондай-ақ, бактерияға және вирусқа қарсы әрекет етіп, қан қысымын реттеп, қанның құрамын қайта қалпына келтіріп, өкпе мен бронхтарды, қанды тазартып, ішкі секреция бездерін, зат алмасуды жақсартып, тас түзіліні кедергі келтіреді. Аллергиялық реакцияларды асқындырмай, ісікке қарсы белсенді қызмет етеді.

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

«Женьшень – өмір қуатының» екі флаконын іштім. Қан қысымым көтерілген 170/200-ден қалпына келді. Енді 130/60-қа тұрақтады. Дәретке шығу да қиындық тудырмайтын болды (бұрын бүйрегіме ақау болатын). Аяқтарымың жуаралығы қойды. Бұрындарым ішкенге сырқайраптын болды, бірақ маған алдың ала бұл қалыпты жағдай екенін ескерткен – қанайналым реттеліп, қайта қалпына келу процесі жүреді. Жалпы жағдайым жақсарды, бальзамды уақытылы ішуге тырысамын.

Екатерина Петрунова, 63 жаста.

«Женьшень – өмір қуаты» бальзамына тапсырыс бердім. Алғашқы күнінен ақ өзімді көремет сезіне бастадым. 2-ші күні тәнертең ішектерім тазаланып, 3-ші күні денем толық жеңілдеп, қалың ұйқыға баттым. Қазір 5-6 сағат ұйықтап да күні бойы ұйықтағандай ұйым қанып, бетіме нәр жүріп, қан айналымы жақсарды. Нәбәрі бір апта ішсем де, бальзам көңілімнен шықты.

Олег Юрьев, 57 жаста.

2 апта нұсқаулық бойынша бальзамды іштім. Нәтижесінде қант деңгейі 18-ден 10-ға түсіп, қан қысымым 90-нан 120-ға 1 күн ішінде көтерілді. Оның алдында дәрігерлер маған ауруханаға жатуды ұсынған болатын. Мен «Женьшень – өмір қуатын» дер кезінде алдым. Соның арқасында ауруханаға жатудан құтылдым.

Юлия Горевич, 52 жаста.

Маған мидың қан айналымының бұзылу салдарынан вестибуло-атактикалық синдромы деген диагноз қойылған. Түнде нашар ұйықтайтынмын, орыманнан тұрғанда басым айналатын, жүрек қанды қолқа артериясына ота жасалған. «Женьшень – өмір қуатының» 3 құтысын қабылдаған соң, ұйым тынышталып, басымды бұрғанда бұрынғыдай басым айналығым, түнде құсуым басылды. Бұның бәрі күні бойы өзімді жақсы сезінуге септігін тигізді. Енді менде бәрі жақсы. Кез келген ақпаратты жылдам қабылдап, оным орнықты. Енді сіздермен дос боламын!

Дмитрий Чурсин, 60 жаста.

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады:
8 702 911 55 55,
8 777 114 13 20,
8 727 327 88 02

«Женьшень» бальзамы, «Саған Дали» капсуласының қасиеті және «Кудзу» тамшылары туралы сіз мына күні өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:
Қызылорда қаласында 16 тамыз күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Төжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Бір күресе бальзамының 8 қорашын қабылдау бағасы – ұсынылады. 4000 теңге.
3 қораша алсаңыз, 4-ші қораша ТЕГІН

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
телефакс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28732
Тапсырыс №1226